Ғылым өнеркәсіпке бағытталады
2-бет

Күреске толы өмірдің өнегесі
5-бет

Ерен еңбек ұмытылмас
8-бет

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ БЕЙСЕНБІ, **28 ҚАРАША**, 2024 ЖЫЛ **№134 (23 456)** www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Қарағандының өркендеу бағдары

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында Үкіметке және облыс әкімдеріне бірінші басымдық қатарында ақша-несие саясаты мен фискалды саясаттың арасындағы үйлесімсіздікті бір ізге түсіру қажеттігін тапсырды. Мұның мәнісі бар. Себебі, тұтас халықтың тыныс-тіршілігі түптеп келгенде, нарықтық қарым-қатынастың сауаттылығына кеп тіреледі. Аталған міндет таудан үлкен, тастан ауыр іс емес, әсілі. Таппермеде тариф текетіресі экономикалық көзқарасы қалыпты бұқараны титықтатпас үшін қажетті тетігін табу – өміршең меже.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы 2024

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шағын бизнеске қолдау зор

– Қазір нақты секторға несие әлі де ойдағыдай берілмей жатқанын ашық айтуымыз керек. Шағын және орта бизнесті жеткілікті қаржыландыру мәселесі де шешімін тапқан жоқ. Бұл жағдай еліміздегі іскерлік ортаның белсенділігіне, экономиканың тұрақтылығына және дәйекті дамуына кедергі келтіріп отыр. Үкімет пен Ұлттық Банк бірлесіп, осыған қатысты оңтайлы шешімдер ойластыруы керек. Банктердің экономикаға көбірек қаржы құюына жағдай жасау қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында экономикалық өсім мәселесі – бас тақырып. Өйткені, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету – өркендеу өзегі. Мемлекет басшысының жаңа бастамаларын орындау үшін Қарағанды облысы бірнеше бағытта жұмысты күшейтпек.

Коллажды жасаған Ш.Адамбекова

3-бет

• РЕСМИ

Үш жылдық бюджет мақұлданды

Палатаның жалпы отырысында Мәжіліс депутаттары «2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заң жобасына түзетулерді қабылдады. Құжат Сенаттың қарауына жіберілді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров атап өткендей, жыл басынан бері 2024 жылға арналған макроиндикаторлар болжамын қалыптастырудың бастапқы параметрлері ел экономикасының ағымдағы дамуына сәйкес келеді.

Биыл 10 айдың қорытындысы бойынша мұнайдың орташа бағасы барреліне $80,5 деңгейінде болды, орташа жылдық бағам бір доллар үшін 461,4 теңге болды. Мұнай бағасы барреліне 80 доллар, есеп айырысу курсы – долларға 460 теңге. Инфляция 6-8% аралығында сақталды. Осылайша, 2024-2028 жылдарға арналған бекітілген болжам аясында 2024 жылға арналған макроиндикаторлардың параметрлері сақталады, – деп түсіндірді министр.

Сонымен бірге, оның айтуынша, республикалық бюджеттің кірісі 14,1 трлн теңгеге бағаланып отыр, бұл бекітілген жоспардан 2 трлн теңгеге төмен.

– Кіріс болжамының төмендеуі «Теңізшевройл» ЖШС-да болашақ кеңейту жобасын іске қосуды 2025 жылға ауыстыруға байланысты мұнай өндірудің 5,1 млн тоннаға төмендеуіне, биылғы қосымша құн салығын қайтару сомасының ұлғаюына, сыртқы сауда айналымы, биылдың 9 айындағы нақты есеп айырысу түсімдерін нақтылау, – деп қосты Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің басшысы.

Жалпы алғанда, республикалық бюджет жобасына енгізілген түзетулер ел экономикасының қазіргі ахуалын ескере отырып жасалған. Экономиканың тұрақтылығын сақтау, болжанған көрсеткіштерге сәйкестік және болашақ даму үшін нақты шаралар легі қоса ұсынылды. Алдағы уақытта Сенат мақұлдаған соң бұл түзетулердің елдің экономикалық дамуында қаншалықты маңызды рөл атқаратыны белгілене түспек.

DIGITAL KAZAKHSTAN

Шалғайдағы мектептер шет қалмайды

Қарағанды облысында шалғайдағы 106 ауылдық мектепте жоғары жылдамдықты интернет мәселесі шешілді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Спутниктік байланыс орнатудың арқасында сегіз мың бала білім беру ресурстарына қол жеткізді. Өңірде ауылдық елдімекендердің 91%-ы интернетпен қамтамасыз етілген. Жыл соңына дейін 4G мобильді интернеті Қарқаралы және Ақтоғай аудандарының тағы 13 ауылына тартылуы тиіс.

– Қарағандыда бесінші буын мобильді байланысы енгізілуде. Бүгінде қала бойынша 43 базалық станция орнатылған. Олар сынақ режимінде жұмыс істейді, сондықтан, байланыс жылдамдығы мен сапасы мәлімделген сипаттамаларға сәйкес келмеуі мүмкін. Бұл жұмыс келесі жылдың соңына дейін аяқталады, осы мерзімде қалған 15 антеннаны орнату жоспарлануда, – деді облыстың ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және мұрағаттар басқармасының басшысы Константин Ильницкий.

Республикалық және облыстық автожолдар бойында 5G интернетпен қамтамасыз ету үшін 14 антенна-діңгек құрылысын орнату жоспарлануда. Келесі трассалар «Астана-Алматы», «Қарағанды-Аягөз», «Қарағанды-Баянауыл», «Қарағанды-Павлодар», «Теміртау-Нұра» және «Ақшатау-Ақадыр» бағытында қамтылады.

2027 жылдың соңына дейін облыстың 168 ауылына талшықты-оптикалық кабель тарту жоспарлануда. Бұл 59 мыңнан астам ауыл тұрғындары үшін интернетке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Аңқасы кепкен ауылдар азаяды

Ауылдағы ағайынға ең қажеті – жол мен су. Егер осы негізгі деген екі мәселе оң шешім тапса, онда ауылдың ажары артады, тіршілігі түзеледі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылдың соңына дейін барлық елдімекендерді сапалы ауыз сумен 100 пайыз қамтамасыз ету туралы Үкіметтің алдына міндет қойды. Президент пәрменінен соң өңіріміздегі аңқасы кепкен ауыл саны азайып келеді. Бұған дейін бірнеше ауылдағы ел-жұрт қыр асып, құдықтан қауға тартып, пәленбай шақырымнан су тасып келді. Енді олар алыстан арбамен су тасымайды, үйінің іргесіндегі сапалы суды тұтынады.

Президент тапсырмасын орындай отырып...

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Коллажды жасаған Ш.Адамбекова

6-бет

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)		«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай	10447,44	5882,60
		12 ай	20894,88	11765,20
Жеке жазылулар үшін	12 айға 4116 теңге	6 ай	3386,60	3074,60
		12 ай	6773,20	6149,20

«ORTALYQ QAZAQSTAN» ГАЗЕТІНЕ
Kaspi QR
АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ
Жеке жазылушылар үшін

Анықтама телефоны:
41-26-85,
8-702-638-56-85,
8-705-902-04-05.

E-mail:
otdel.pochtovyy@bk.ru

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 524.28 ●**USD/KZT** 498.55 ●**RUB/KZT** 4.75 ●**CNY/KZT** 68.76

Қазақстан Ұлттық Банкінің 27 қараша, 2024 жылғы дерегі бойынша

● ТАҒАЙЫНДАУ

Басқармада – жаңа басшы

Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысы лауазымына даңқты былғары қолғап шебері, Олимпиада чемпионы және Вэл Баркер кубогының иегері Серік Сәпиев тағайындалды. Серік Жұманғалиұлының кандидатурасын Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінде арнайы комиссия келіскеннен кейін тағайындау туралы өкімге облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қол қойды.

Өз қызметіне кіріскен жаңа басшыны облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы ұжымы және аймақтың спорт қауымдастығына облыс әкімінің орынбасары Ораз Тәуірбеков таныстырды.

– Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің және туризм және спорт министрлігінің келісімі бойынша Серік Жұманғалиұлы Сәпиев Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы болып, конкурстан тыс тағайындалды. Оның практикалық дағдылары мен білімі жаңа лауазымдағы әлеуетін ашуға көмектеседі деп сенеміз, – деді Ораз Тәуірбеков.

Облыс әкімінің орынбасары басқарманың бұрынғы басшысы Темірхан Абылаевқа атқарған қызметі үшін алғыс білдірді.

Ал, Серік Жұманғалиұлы өзіне жүктелген сенімнің үдесінен шығып, аймақта спортты дамыту үшін бар күш-жігерін салатынын жеткізді.

– Мемлекет басшысы айтқандай, биліктің вертикалы құрылуы тиіс. Алда назар аударуды қажет ететін спорт түрлері ескерілетін жаңа заң қабылданады. Қарағанды спортының тарихы бай әрі даңқты. Жетекшілік позицияны қайтару керек. Менің өз жоспарларым, идеяларым бар. Туған жерімді спортқа бейім еткім келеді. Алдымен барлық ведомстволық бағынысты ұйымдарды тыңдап, олармен кездесіп, аймақтағы өңірлерді аралаймын. Сапарлар қорытындысы бойынша шешім қабылдаймыз, – деп атап өтті басқарманың жаңа басшысы.

Серік Сәпиевтің бірнеше біліктілік бойынша жоғары білімі бар. Атап айтсақ, «Дене шынықтыру педагогы», «Құқықтану», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Спорт менеджменті» мамандығы бойынша халықаралық «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты.

Еңбек жолын Қазақстан бокс федерациясында бастап, алдымен жаттықтырушы-оқытушы, кейін спорт директоры болды. «Astana Arlans» кәсіби спорт клубына жетекшілік етті. 2017 жылы Парламент Мәжілісінің депутаты болып сайланды. 2019 жылдың қаңтарында мемлекеттік қызметке ауысып, үш жылға жуық Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетін басқарды. Кейін Ұлттық Олимпиада комитеті Бас хатшысының орынбасары қызметін атқарса, 2022 жылдың сәуірінен бастап, осы тағайындауға дейін «MTEX management» ЖШС спортты дамыту жөніндегі басқарушы директоры болып жұмыс істеді. Одан бөлек, Серік Жұманғалиұлы Ұлттық Олимпиада комитетінің вице-президенті екенін айта кеткен жөн.

Өз тілшіміздің

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

● МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Ғылым өнеркәсіпке бағытталады

Алдағы жылдары елімізде отыздан астам шетелдік жоғары оқу орындарының кампустары ашылады. Оның ішінде, Қарағанды облысында инновациялық шешімдер мен технологияларды енгізетін, ғылымды қажет ететін аумақтарды құру жоспарлануда. Осы орайда Теміртауда өткен хакатонға қатысқан Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Қазақстандағы ғылымды дамыту жоспарларымен бөлісті.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Теміртауда ғылым мен өндірістің интеграциясын біріктіретін тау-кен металлургия өнеркәсібі бойынша хакатон өтті. Қарағанды индустриалды университетіне ғалымдар, өнеркәсіп өкілдері және менеджерлер тек Qarmet зауыты үшін ғана емес, сонымен бірге, бүкіл отандық өнеркәсіп үшін ғылыми-технологиялық шешімдерді іздеу және әзірлеу үшін жиналды.

Жыл басынан бері Ғылым және жоғары білім министрлігінің өкілдері ғалымдар мен өндірушілердің өзара іс-қимыл тәжірибесін дамыту бойынша жұмыс бастаған. Биыл өткен алтыншы хакатонда өнеркәсіп өкілдері зерттеушілерге техникалық міндеттер қоя отырып, мемлекеттің қолдауы аясында оларды жүзеге асырудың шешімдерін іздеді.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша біз ғылымның күш-жігерін ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың қажеттіліктеріне бағыттаймыз. Тау-кен металлургия саласынан басталды. Өйткені, бұл – экономиканың негізі. Біздің мақсатымыз – ғылыми ұжымдарды өнеркәсіптік кәсіпорындармен біріктіру және процестерді жақсартуға, тиімділікті арттыруға және өнімнің құнын қосуға көмектесетін инновациялық шешімдерді табу. Атап айтқанда, Qarmet металлургиялық комбинаты ескірген технологиялық мәселелерді шешеді, ал ғалымдар – нақты тұжырымдалған ғылыми-техникалық міндеттерге қол жеткізеді, – деп атап өтті Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек.

«Qarmet» АҚ бас директоры Вадим Басин стандартты емес шешімдерді талап ететін бірқатар техникалық міндеттер қалыптасқанын жеткізді. Мысалы, шахталарда метан концентрациясын төмендету үшін газды дренажды ұңғымаларды бұрғылаудың инновациялық технологияларын әзірлеу қажет.

Жиынға қатысқан аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев облыс әкімдігі ғылыми және өнеркәсіптік жобаларға қолдау көрсетуге дайын екендігін атады.

– Теміртау – біздің өңір үшін басты қала. Облыс өндірісінің 30%-ы металлургия комбинаты және оның айналасындағы кәсіпорындар. Біз үшін Qarmet-тің дамуы өте маңызды. Келесі жылдан бастап, облыста инновациялық кәсіпорындарды қоса алғанда, 11 ірі жобаны іске асыру басталады. Егер ғылым белсенді қатысатын болса, біз бұл бастамаларды қолдауға, Qarmet комбинатымен байланысты жобалар бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялауға дайынбыз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Хакатонда Министр Саясат Нұрбек Қазақстандағы ғылымды дамыту жоспарларымен бөлісті. Ғалымдар инновациялық шешімдер мен технологияларды енгізуге бағытталған үздік жобалар ұсынды.

ҚарИУ фойесінде сондай-ақ, ғылыми жобалардың көрмесі ұйымдастырылды. Хакатонда металлургия комбинаты өндірісінің техникалық сарапшылары мен Ә.Сағынов атындағы ҚарТУ мен ҚарИУ жоғары оқу орындары ғалымдарының кездесуі өтті.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Шағын қаланың үлкен мүмкіндіктері

Қарағандыда шағын қалаларды дамытуға арналған «Қазақстан халқына» қорының тұжырымдамасы таныстырылды. Облыс әкімдігінде өткен кездесуде қоғамдық қордың «Шағын қалалар – үлкен мүмкіндіктер» тұжырымдамасы аймақтағы ірі компаниялардың топ-менеджерлері назарына ұсынылды. Қор өкілдері тұжырымдамамен таныстыруды Қарағандыдан бастады. Олар бизнес қоғамдастықты серіктестік құруға шақырып отыр.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Бізде дайын бағдарламалар, бірқатар бағыттар бойынша сараптамалар бар. Бүгінгі кездесудің мақсаты – бірінші кезекте қордың мүмкіндіктерін көрсету. Біз белгілі бір аймаққа назар аударуға дайынбыз. Қарағанды облысы – жаңа тұжырымдаманы ұсынып отырған бірінші аймақ. Біз өңірдің жергілікті атқарушы органдарымен жақсы қарым-қатынас жасаймыз. Облыс әкімдігімен бірлескен жобалар өте көп, – деп атап өтті «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының донорларымен стратегиялық жоспарлау және өзара іс-қимыл бөлімінің басшысы Шыңғыс Шарапиев.

Облыс әкімінің орынбасары Ермек Алпысов қоғамдық қор облыста 19 жобаны жүзеге асырып жатқанын жеткізді.

– «Қазақстан халқына» қоры бізге жаңа технологиялар, жаңа жабдықтар беріп қана қоймайды, ол – жаңа мүмкіндіктер. Бағдарламалар аясында сараптамалық талдаулар жасалып, жаңа құрылғыларда жұмыс істей алатын мамандарды да даярлап береді. Өз кезегінде, біз, жергілікті билік ретінде, жабдықтарды орнатуға, кабинеттерді жөндеуге, инфрақұрылымды жақсартуға қаражат бөлеміз. Қор жаңа тұжырымдама шеңберінде серіктестік қатынастарды ұсынады. Біз өз тарапымыздан көмектесуге дайынбыз. Облыс бюджеті әлеуметтік секторға бағдарланғанын білесіздер. Бірақ әлеуметтік жауапкершілік аясында бизнестің қолдауы өте маңызды, – деген ол кәсіпкерлерден ұсыныстар күтетінін атап өтті.

Тұжырымдама денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау, мәдениет және спорт бағыттарын қамтиды. Осы бағыттар бойынша қор өкілдері кез келген жобаны қарастыруға әзір. Олар өз тарапынан шынайылық, айқындық, жан-жақты сараптаманы ұсынады.

– Біздің қордың қоғамда өзіндік орны бар. Біз қайырымдылыққа түскен қаражаттың әр тиынын өз мақсатына жұмсаймыз. Әкімшілік шығындар үшін қайырымдылық қаражаты ұсталмайды. Біз ашықтық, сенімділікті ұсынамыз. Кез келген жоба толығымен зерттеледі, сараптама жасалады. Оның маңыздылығы, қажеттілігі, күтілетін нәтижесі, ол жүзеге асыратын өңір туралы барлық дерек жинақталады. Қор 20-дан астам ұлттық жобаны жүзеге асыруға үлес қосуда. Ал, бұл тұжырымдама нақты бір өңірде, шағын қалаларда іске асыруға болатын жобаларды қамтиды, – деді Шыңғыс Шарапиев.

Оның айтуынша, өңірде білім саласында БИЛ және Назарбаев зияткерлік мектептерінің әдістемесін жай мектептерге тарату, мектеп кабинеттерін жабдықтау, денсаулық сақтау саласында инклюзияны қолдау бағытындағы жобалар, спорт бағытында спорт ангарларын салу сынды жобалар бар. Мәселен, Қарағанды облысы үшін пульмонологиялық, комбустиологиялық және кардиологиялық қызметтерді дамыту жобасы аса өзекті. Өңір өндірістік жарақат саны жағынан елде алдыңғы орында.

Шағын қалаларды дамыту арқылы оның маңайындағы ауылдарды да дамытуға мүмкіндік туады. Олар үшін шағын қала ресурстық орталыққа айналады. Шағын қалаларда инфрақұрылым жақсырақ дамыған, экономикалық мүмкіндіктер де көбірек. Қор өкілінің айтуынша, биылғы дерек бойынша халқы 10 мыңнан асатын 112 ауыл бар. Олардың 18-інің әрбірінде 30 мыңнан астам адам тұрады. Бұл – шағын қалалар критерийлерінің бірі. Яғни, оларды әлеуетті түрде моноқалалар деуге болады. Олардың инфрақұрылымынан бөлек, әлеуметтік секторы да айрықша назар аударуды қажет етеді. Тұжырымдамадағы бес бағыт кәсіпорындарға әлеуметтік жауапкершілігін одан әрі арттыруға, өздерін көрсете алуға мүмкіндік береді.

● ДЕНСАУЛЫҚ

Бар жақсылық – балаларға

Облыс орталығында ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған «Қазақстан халқына» оңалту орталығы ашылды. Ол ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға кешенді әрі сапалы оңалтуға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мұнда жылына 600-ге жуық бала ем қабылдайды. Бұл – нейро-ортопедиялық ақауы бар балалар көмек алатын аймақтағы алғашқы медициналық мекеме.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ашылу салтанатына Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ораз Тәуірбеков, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының донорларымен стратегиялық жоспарлау және өзара іс-қимыл бөлімінің басшысы Шыңғыс Шарапиев, «ERG Көмек» қоғамдық қорының атқарушы директоры Мәди Исмаилов және «Қамқоршылық қоры» қоғамдық қорының директоры Арайлым Еркінова қатысты.

Аталмыш орталық жергілікті атқарушы органдардың, «Қазақстан халқына» қорының серіктестері және меценаттардың бірлескен күш-жігерінің арқасында ашылып отыр. Жобаны іске асыруға қаржылық көмек көрсеткен «Eurasian Resources Group» компаниясы, ал, «Қамқорлық қоры» қоғамдық қоры мамандарды оқытуды және орталықты заманауи жабдықтармен жабдықтауды өз мойнына алған болатын.

Орталық облыстық көпсалалы балалар ауруханасында орналасқан. Айта кету керек, ауруханада былтырдан бері «Қамқорлық» ерте араласу оңалту бөлімшесі жұмыс істеп тұр. Онда осы уақытқа дейін даму кемістігі бар жүздеген бала көмек алды. Ол 3 айдан 3 жасқа дейін есептелген болса, жаңа орталық 18 жасқа дейінгі балаларды қабылдауға мүмкіндік береді. Яғни, енді баланың туғаннан бастап, ересек жасқа дейінгі жағдайы, денсаулығы үздіксіз бақыланады. Орталықта невролог-дәрігерлерді, реабилитологтарды, логопедтерді, дефектологтарды, емдік-дене шынықтыру нұсқаушыларын және психологтарды қоса алғанда, кәсіби көпсалалы команда құрылды.

– Бізде барлық қажетті жабдықтар бар, – дейді облыстық балалар ауруханасы директорының орынбасары Нина Деркач. – Баланың жасына және бойына байланысты әртүрлі вертикализаторлар қолданылады. Барлық мамандар даярлықтан өтті. Олар біздің аурухана базасында оқыды, Астана, Қостанайға барды. Оңалту сапасы жоғары болуы үшін біз дәрігерлердің біліктілігін үнемі арттырып отырамыз.

Ерте араласу орталығының жетістіктері де жоқ емес. Мұны ерекше балалардың ата-аналары растап отыр.

– Біз мұнда қызым Альфия 7 айлық болғанда келдік. Ол басын ұстай алмады. Емдеу курсы аяқталғаннан кейін менің қызым басын нық ұстауды үйренді. Мұнда біз сапалы ем алдық, – деп бөлісті Альфияның анасы Динара Карина.

«Қазақстан халқына» қоры әлемдік брендтерден сараптамалық сыныпты медициналық оңалту жабдықтарымен жарақтандыруға 6 миллиард теңгеден астам қаражат бөлді. Бірегей технологиялардың қатарына БОС-терапия кабинеттері, интерактивті және сенсорлық бөлмелер, сондай-ақ, иммерсиялық ванна кіреді. Бұл – ерекше қажеттіліктері бар балаларға үлкен көмек.

– Біз үшін осы өңірде оңалту орталығының ашылуы – маңызды оқиға. Себебі, Қарағанды облысы біздің компания үшін туған өңір болып табылады. Биыл біз «ERG» компаниясының 30 жылдығын атап өтудеміз. Бұл орталық – еліміздің денсаулық сақтау саласын дамытуға және инклюзивті қоғамды қолдауға қосқан үлесіміз. Біз балаларға толыққанды өмір сүруге және әлеуметтік бейімделуге мүмкіндік бере алатынымызды мақтан тұтамыз, – деді Қазақстандағы «Eurasian Resources Group» бас директоры Серік Шахажанов.

Бастама қордың «QH Оңалту орталықтары» және «QH Аудандық оңалту орталықтары» қайырымдылық бағдарламаларын іске асыру шеңберінде іске асырылды. Қоғамдық қор барлық өңірлерде ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған 25 оңалту орталығын ашпақ. Жақында ғана Ұлытау облысында ашылды. Алдағы күндері осындай мекеменің ашылуы Павлодар облысы мен Шымкент қалаларында жоспарланған.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Қарағандының өркендеу бағдары

(Соңы. Басы 1-бетте).

Өңір бүгінде өндірісімен ғана емес, іскерлік қарымымен де танылып тұр. Аймақтағы әрбір екінші-үшінші тұрғын жеке ісіне көңіл бөледі. Бұл бағыт күн өткен сайын мәнді бола түсері айдан ашық ақиқат. Осы орайда облыс экономикасын дамыту, шағын және орта бизнесті қолдау назардан тыс қалмақ емес. Әлбетте, ол үшін Президент сөз еткен Жолдаудың басты міндетінің бірі – нақты секторға несие беруді жандандыру. Жоғарыда Президент несиеге қолжетімділіктің төмендігі экономиканың тұрақтылығына кедергі келтіріп жатқанын атап өтті. Облыс бизнеске арналған қаржыландыруды арттыру арқылы іскерлік белсенділікті қолдау жолында жүйелі жұмыс істеп келеді. Нәтиже жоқ емес, бар. Осы жылдың алғашқы тоғыз айында шағын және орта бизнеске 1,5 трлн теңге бөлінген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 20% жоғары. Облыс бойынша 5 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды. Аталған көрсеткіш өңірдің экономикалық тұрақтылығын, іскерлікті дамытуға бағытталған бірлескен амалдардың нәтижелі екенін айғақтайды.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев логистиканы өңірдің экономикалық өсімінің негізгі бағыттарының бірі ретінде атады. Қарағандыда Teez маркетплейсі жұмысын бастады. Қойма терминалдың ашылуы өңірдегі электронды сауданың дамуын едәуір жеделдеткен. Платформаның қуаттылығы – жылына 27 миллион тапсырыс. Яғни, шағын және орта кәсіпорындардың іскерлік белсенділігін ынталандырады.

– Қарағанды – тек көмір және болат шығаратын алып өндіріс ошағы деген стереотип қалыптасқан еді бұған дейін. Бірақ, соңғы 10 жылда экономика құрылымы жаңаланып, өзгерді. Бүгінде қазыналы Қарағанды – сауда мен қызмет көрсету саласының жоғары үлесі бар үлкен орталық, агломерацияның негізіне айналып үлгерген. Облысымызда екі адамның бірі кәсіпкерлік саласында, – деді өңір басшысы.



Коллажды жасаған А.Қоктаева

> **– Біз елімізде алғашқылардың бірі болып, бөлшек салықты 2% дейін төмендеттік. Нәтижесінде жеке кәсіпкерлердің, салық төлеушілердің саны 16 есеге өсіп, 2,5 мыңға жетті. Осы жылдың 8 айында шағын және орта бизнестің салықтық түсімдері 16% өсті.**

Салық реформасы кәсіпкерді ынталандырады

«Халықаралық сарапшылар қазақ банктерін ресурсқа бай елдер ішіндегі ең көп пайда табатын банктер санатына қосады. Сондықтан, осы саладағы салық мөлшері әділ белгіленуге тиіс. Банктердің акционерлері дивидендіне сәйкес салық төлеуі керек. Банктерге мемлекет көрсеткен көмек тұрғысынан қарасақ, бұл – өте орынды ұстаным. Цифрлық активтердің айналымын қамтамасыз ету және банк саласына инновацияларды қауіпсіздік талабына сәйкес енгізу үшін оны реттейтін тетіктердің тұрақты болуы маңызды. Бізге Банктер туралы жаңа заң қажет. Бұл құжатта экономикалық белсенділікті қолдау және финтех саласын қарқынды дамыту сияқты өзекті мәселелер шешімін табуы керек. Қазір қолданып жүрген заң шамамен 30 жыл бұрын қабылданған. Ол кезде заман да мүлде басқа болды» делінген Жолдауда.

Мемлекет басшысы Жолдауында банктердің экономикалық дамуындағы рөліне баса назар аударып, дивидендтер бойынша салық мөлшерін әділ белгілеуді тапсырды. Өңір өмірінде салық реформалары белсенді жүзеге асырылуда. Аймақтық шағын және орта бизнестен түсетін салықтардың жергілікті бюджетте қалдырылуы өз деңгейінде бюджеттік дербестікті арттырды.

– Біз елімізде алғашқылардың бірі болып, бөлшек салықты 2% дейін төмендеттік. Нәтижесінде жеке кәсіпкерлердің, салық төлеушілердің саны 16 есеге өсіп, 2,5 мыңға жетті. Осы жылдың 8 айында шағын және орта бизнестің салықтық түсімдері 16% өсті, – деп толықтырды аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев.

Кәсіпкерліктің дамуына мемлекеттік қолдау да орасан септігін тигізуде. Облыс әкімі бір мысал ретінде «Іңкәр 1» металл өңдеу кәсіпорнын келтірді. Мемлекеттің көмегі арқасында ол бес жұмыс орнын 115-ке дейін көбейте алған. Есесіне шағын және орта бизнестен түсетін салық түсімін 15% ұлғайған. Осы жылы жергілікті бюджетке шамамен 80 млрд теңге кіріс түсті, бұл аймақтық жобаларды қаржыландыруға мүмкіндік берді. Жаңа салық кодексін әзірлеу барысындағы шаралар да экономикалық белсенділікті арттыруға бағытталған.

Қаржы тұрақтылығы және бюджет қаражатын тиімді пайдалануға келсек, Президент Жолдауында бюджеттің кіріс бөлігі орындалмай жатқанына назар аударды. Облыста бұл мәселені шешу үшін бюджет қаражатын үнемдеу және стратегиялық маңызы жоқ жобаларға шығындалмау саясаты қолға алынған. Мәселен, биыл облыстық бюджеттің шығыс бөлігінде 10% қысқарту жоспарланған. Үнемделген қаражат әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға бағытталып отыр. Оның ішінде, мектептер мен ауруханалар құрылысы да бар. Иә, осылайша Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауын жүзеге асыру Қарағанды облысының экономикалық және әлеуметтік дамуына оң әсерін тигізді. Өңір басшылығы Президент тапсырмаларын орындауға белсенді түрде кірісіп, көптеген оң нәтижелерге қол жеткізді. Алдағы уақытта Салық кодексін жаңарту, бюджеттік дербестікті күшейту және көлеңкелі экономиканы төмендету бойынша жұмыстар жалғасатын болады.

Қарағандының экономикасы 13,1% өсті

– Ашығын айтуымыз керек, бізде республикалық бюджеттің кіріс бөлігі орындалмай жатыр. Бұл – бұрынғы және қазіргі Үкімет жұмысындағы үлкен олқылық. Мұндай жағдай жиі қайталанса, түптеп келгенде, еліміздің дамуын тежейді. Сондықтан, оған жол бермеу қажет. Бюджет қаржысын тиімді пайдаланып, оның шығыс бөлігін шектеп, қатаң бақылауда ұстаған жөн. Үкімет Ұлттық Банкпен бірлесіп, осы мәселеге қатысты нақты шаралар қабылдауға тиіс. Мемлекет қаржысының тұрақтылығын қамтамасыз етудің бірден-бір жолы – көрпеге қарай көсілу. Сондықтан, бюджет қаражатын стратегиялық маңызы жоқ, аса шұғыл емес шаруаларға оңды-солды шашуды доғару керек, – деді Президент.

Қарағанды облысында экономиканың барлық салаларында өсім қамтамасыз етілді. Өнеркәсіптік кәсіпорындар 9 айда 3 триллион (2 853,6 млрд) теңгеге жуық өнім өндірді. Облыстың дамуы туралы Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев айтып берді. Өнеркәсіпте, құрылыста, ауыл шаруашылығында, ішкі саудада айтарлықтай жоғарғы көрсеткіштер байқалады. Бизнестің іскерлік белсенділігі де артып келеді. Шағын және орта бизнес саласында бүгінде 231 677 адам жұмыспен қамтылған, бұл облыстың барлық жұмыспен қамтылған халқының 42,4%-ын құрайды. Жаңа жұмыс орындары құрылуда. Экономиканың өсу қарқыны (қысқа мерзімді экономикалық индикатор) 13,1% құрады.

Қарағанды облысы қазіргі уақытта елдегі ең қарқынды дамып келе жатқан өңірлердің бірі болып отыр. Әкім Ермағанбет Бөлекпаевтың жетекшілігімен қол жеткен жоғары көрсеткіштер облыстың тұрақты өсуі мен халықтың әл-ауқатын жақсарту үшін негіз болуда. Өнеркәсіптен ауыл шаруашылығына дейінгі барлық салаларда өсім қамтамасыз етіліп, 9 айда 3 триллион теңгеге жуық өнім өндірілді. Шағын және орта бизнестің дамуы және жаңа жұмыс орындарының құрылуы халықтың жұмыспен қамтылу деңгейін арттырып, өңірлік экономиканың серпінділігін көрсетті. Экономикалық өсімнің 13,1% жетуі – Қарағандының тек аймақтық ғана емес, бүкіл республикалық дамуға қосқан үлесін айғақтайды.

Президент атап өткендей, мемлекеттік қаржыны тиімді жұмсап, шығыстарды қатаң бақылау – ұлттық экономиканың тұрақтылығын сақтаудың маңызды шарттары. Осылайша, Қарағанды облысы алдағы уақытта да тұрақты даму жолынан таймай, аймақтық және республикалық деңгейде экономикалық өсім мен халықтың тұрмысын жақсарту бағытында жаңа жетістіктерге жетуге бағытталып отыр.

Инфографиканы жасаған автор

Фискалды белес

– Салық режимдерін кәсіпкерлерге жасалған қолайлы жағдайдың нашарлап кетпеуін ескере отырып, оңтайландырған жөн. Бөлшек салықтың енгізілуін мысал ретінде айтуға болады. Осы нормаға сенім артқан кәсіпкерлер қызметін ашық жүргізе бастады, кәсіптерін бөлшектеуді азайтты. Алайда, бұл режим негізінен халықпен тікелей жұмыс істейтін кәсіпкерлерге қатысты болуға тиіс. Тұтынушыларға арналған қызметтер мен сауда-саттықтың мүмкіндіктері толық пайдаланылса, экономиканы дамыту, салық түсімдерін арттыру және халықты жұмыспен қамту шаралары тезірек нәтиже береді. Фискалды реформа табысты болсын десек, салықтық әкімшілендіру ісін жаппай цифрландыру керек, – деді Президент.

Қарағанды облысында бизнес ортаның және жергілікті халықтың бұл бастаманы қызу қолдауы байқалады. Аймақта кәсіпкерлікті қолдау, экономикалық өсімді жеделдету, салықтық әкімшілендіруді цифрландыру сияқты шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Облыс әкімшілігі де өз тарапынан салықтық жүйені оңтайландыру үшін бірнеше маңызды қадамдар қабылдады.

Соңғы жылдары Қарағанды облысы салық саясаты бойынша бизнестің қолайлы жағдайлар жасалуына ерекше көңіл бөлді. Мәселен, бөлшек салықты енгізу арқылы облыстағы кәсіпкерлер саны айтарлықтай өсті. Бұл норма кәсіпкерлерді көлеңкеден шығуға ынталандырып, бизнесті ашық жүргізуге негіз қалады. Қарағандылық кәсіпкер, жиһаз өндіруші Әсел Жексенбаева бұл өзгерістердің маңыздылығын атап өтеді.

Бөлшек салықтың арқасында біз шығындарды төмендетіп, бәсекелестікке төтеп беру мүмкіндігіне ие болдық. Енді жоспарларымызды ұзақ мерзімге құруға сенімдіміз. Алайда, Президент айтқандай, бөлшек салық режимін негізінен халықпен тікелей жұмыс істейтін кәсіпорындар үшін қолдану керек. Бұл бағытта Қарағанды облысы тұрмыстық қызмет көрсету саласы, сауда, қоғамдық тамақтану орындары сияқты қызметтерді дамытуға басымдық береді, – дейді Әсел.

Президенттің фискалды әкімшілендіруді цифрландыру ұсынысы Қарағандыда қызу қолдау тапты. Жергілікті әкімдік бұл қадамды көлеңкелі экономика деңгейін азайту үшін маңызды құрал деп санайды. Қазірдің өзінде облыстағы кәсіпкерлер өздерінің салық міндеттемелерін электронды түрде орындай бастады, бұл адал бәсекелестік пен айқындықты арттырады.

Қарағандылық кәсіпкер, аймақтағы ірі көлік компаниясының басшысы Ерлан Сыздықов салықтық есептерді цифрлық форматта өткізу шараларының сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтатынын айтады. Цифрлық жүйелер адал жұмыс істеуге ынталандырады. Қолма-қол ақша айналымының азаюы кәсіпкерлердің салықтық есепті ашық жүргізуіне көмектеседі деп санайды кәсіпкер.

Фискалды жүйедегі әділеттілік пен салықтық мөлшерлемелерді дифференциациялау бағытында Президенттің жеке табыс салығын кіріс деңгейіне қарай дифференциациялау туралы ұсынысы Қарағанды тұрғындары арасында да қолдау тапты. Бұл өзгеріс қарапайым халықтың салық жүктемесін азайтып, жоғары табысы бар азаматтарға әділетті жүктеме салуға бағытталады.

Әркім өзінің нақты мүмкіндігіне қарай салық төлесе, бұл әділетті шешім болар еді. Салық саласындағы жазалау тәсілінен бас тарту бастамасы да кәсіпкерлер арасында оң пікір қалыптастырды. Бұл шара бизнесті мәжбүрлеусіз ынталандыруға көмектеседі. Кәсіпкерлердің пікірінше, қарыз сомасы белгілі бір шектен асып кетсе де, бизнеске зиян келтірмей, бөліп төлеуге мүмкіндік беру шағын бизнес үшін аса маңызды қолдау болмақ, – дейді шағын дүкен иесі Маржан Сұлтанова.

– Экономикалық өсім тек салық түсімдерін арттырып қана қоймай, халықты жұмыспен қамту деңгейін де көтереді. Біз бұл көрсеткішті тұрақты ұстап, алдағы уақытта да аймақ экономикасын одан әрі дамытуға күш саламыз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Облыс басшылығы көлеңкелі экономикамен күрес жүргізуді жалғастырып, барлық кедендік бақылау бекеттерінде бақылауды күшейтуді жоспарлап отыр. Шекаралық кеден бекеттерінде заңсыз тауар айналымын болдырмау және түсімдерді бақылауда ұстау аймақтың қаржы тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды шаралар. Бұл ретте цифрлық технологиялардың маңыздылығы тағы да атап көрсетілуде.

Қарағанды облысы Президент Жолдауында ұсынылған фискалды реформаларды тиімді жүзеге асыру арқылы аймақтық және республикалық экономиканың дамуына үлес қосуда. Бюджеттік тұрақтылықты нығайту, салықтық әкімшілендіруді цифрландыру және әділетті салық саясатын ұстану облыстағы бизнес ортаның өсіп-өркендеуіне ықпал етеді. Қарағанды кәсіпкерлері мен қарапайым тұрғындары жаңа Салық кодексінің әділеттілігі мен ашықтығына сенім білдіріп, бұл реформалардың елдің тұрақты дамуына үлес қосатынын күтіп отыр.

«Polymet Solutions Corporation»: Инновация және сапа

Қуатты өңір

«Polymet Solutions Corporation» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – тау-кен-металлургия кешенінің технологиялық үдерістерінде пайдаланылатын футеровка өндірісінің толық айналымын қамтитын Орталық Азия кеңістігінде теңдесі жоқ бірегей жоба. Жобалық қуаты жылына – 413,7 тонна.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Polymet Solutions Corporation» ЖШС Бас директоры Қуандық Қазанғапов

Ізденіс пен ілгерілеу

Футеровка ұғымының әл-әзір қазақша баламасы жоқ. Бір сөзбен айтқанда, шарлы диірмен атаулысына арналған резеңкелі-металды төсем десек, ұғыныкты болар. Бұл суперқаптама диірмен мен айналмалы тегершіктің ішкерідегі бөлігін тозудан қорғау үшін сондай-ақ, құрылғы өнімділігін жақсарту үшін қолданылады. Көз жазбай байқап отырсақ, соны технология – тау-кен байыту, химия өнеркәсібінде әрмен қарай цемент өндірісіндегі ең тиімді тетіктердің бірі. Ал, мұндағы резеңке металл төсем – кәдімгі металл мен резеңке элементтердің үйлескен тіркесімі. Металл өзегі механикалық зақымдануға қарсы төзімділікті қамтамасыз етсе, резеңке соққыны жұмсартып, сіңіріп, өндіріс барысындағы қақпақылдарды кемітеді. Есесіне диірменнің тозуы азаяды. Материалдарды өзара әрекеттестіру, біріктіру толығымен металл немесе резеңке аналогтарымен салыстырғанда төсемнің қызмет ету мерзімін айтарлықтай арттырады. Абразивті тозуға және коррозияға төзімділік диірменнің тұрақты жұмысын қамтамасыз етеді. Шу мен дірілді басады. Осынысымен қызметкерлердің жұмыс істеуі үшін барынша қолайлы жағдай жасайды. Ұнтақтау үдерісін оңтайландыру жолымен диірменнің қуат тұтынуын азайтады. Шарлардың біркелкі қозғалысын қамтамасыз етіп, материалды ұнтақтау сапасын жақсартады. Резеңке-металл плиталардың жеңіл салмағы диірмен бөлшектерін оңтайлы орнату және бөлшектеуін жеңілдетеді. Төсемді толығымен ауыстырудың орнына жеке тозған бөліктерді ауыстыру мүмкіндігі де өндіріс өрісін аршындатады. Резеңке металл төсеу дымқыл және құрғақ ұнтақтау шар диірмендерінде кеңірек қолданылады. Жартылай автогенді және автогенді диірмендер, минералды материалдарды өңдеуге арналған арнайы диірмендер де осы қатардың сап басында. Тың тетік қарабайыр металл төсеммен салыстырғанда салмағы аз, шу деңгейі төмен, тозуға төзімділігі бекем. Осындай өркеуде өркениет қоғамындағы тың ізденіс бара-бара, келе-келе ілгерілеуге ұласқан.

Жапониядан – жалпыға

Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін елең етер ілтипатпен қарсы алған өндіріс саласындағы әріптестер «ә» деген беттен-ақ кәсіпорын тұжырымдамасын екі ауыз сөзбен айта салды. «Сапалы шикізат, жоғары білікті команда!». Компания Германия, Италия, АҚШ, Жапония, Испания өндірушілерінің заманауи жабдықтарының әлеуетімен жоғары сапа стандарттарына сәйкес келетін өнімдер шығаруға тұяқ іліктірген. Табысын тарыдай шашпай, талайдың меншігіне ұстатпаған. Өңдеу орталығы біліктерден басқа болаттан, шойыннан, алюминийден, қоладан жасалған бұйымдар үшін кез келген күрделіліктегі фрезерлік жұмыстарды жүргізе береді.

Бұл жылы зауыт Орталық Азиядағы жалғыз Okuma фрезерлік өңдеу орталығын іске қосты. Түсіндіре кетсек, Okuma атты фрезерлік өңдеу құрылғысы – металл өңдеудің күрделі операцияларын орындауға арналған жоғары технологиялық жабдық. Алғы шаққа алғаусыз аттаған Okuma станоктар өндірісіндегі жаһандық көшбасшылардың бірі. Жарияға асығып, жақ ашып, тіс жармағанымен, аталған жүйе авиация, автомобиль, энергетика және машина жасау сияқты әртарапты салаларға арналған шешімдердің кең ауқымын ұсынып келеді. Okuma станоктары жоғары геометриялық дәлдік пен «дірілді» азайтуды қамтамасыз ететін бірегей шешімдерді қолдана отырып жасалған. Жабдықтың беріктігіне ықпал ететін материалдар мен технологиялар қолданылады. Мұндай заманбап құрылғының қазыналы Қарағандыға келуін мақтан тұтатынымыз айғақ. Құдды бір тіршіліктің тізгінін қолға ұстағандай әсер қалдырады. «Теңдессіз технология не береді?» деген сауалға оралсақ, алдымен аталған кәсіпорынның қанатының кең серпуіне сеп. Алға ұзап кеткен уақыт көшінен қалмау үшін осы сынды бірегей фрезерлік орталықтың ел игілігіне қызмет етуінің өзі толағай табыстың көсегелі көрсеткіші.

Шаруасы шалқыған кәсіпорын

Өңірде өндірістің өрісін әртараптандырудың арқасында жергілікті ошақтары белсенді дамып келеді. Нарықта, алдымен, экономикалық аймақтардағы зауыттардың бәсекеге қабілеттілігі анықталады. Сондай-ақ, мемлекеттік жеңілдіктер беріледі. Біз көрген Бұқар жырау ауданындағы осы өндіріс зауыты келесі жылдан бастап, резеңке мен пластмасса бұйымдары түрлерінің тізбесін ұлғайтпақшы. Импортты да алмастырмақшы. Шынтуайтында, нарық заманының нар құлатар қыспағында импортты алмастыру әрі оның елдің экономикалық дамуындағы рөлін қазір асыра бағалау қиынның-қиыны. Алып ресурстық әлеуетке ие Қазақстан ішкі нарықтағы импорттық тауарларды алмастыра алатыны ерлікпен пара-пар дерсіз осындайда. Отандық кәсіпорындар шығаратын өнімдер қатарының бәсекеге қабілеттілігін арттыра алып, түренді тыңнан салып келеді. Алайда, отандық тауарлар өндірісін ұлғайтуға бағытталған бағдарламаларды іске асыру барысында көптеген түйткілді мәселелер де туындары заңдылық. Қайтсе де, ішкі нарықтағы импортты отандық өндірушілердің тауарларымен алмастыруға бағытталған мемлекеттік экономикалық саясат стратегиясы дүние жүзінің бедеріндегі аламанға ілесу екендігі айтпаса да түсінікті. Әдетте, мемлекет халық шаруашылығының аса маңызды салаларын қаржыландыруға жұмсалатын шығындарды ұлғайтады. Өндіріс тиімділігін арттыру үшін кәсіпорындарды қолдауды күшейтеді.

Атаулы кәсіпорын қазір дамудың жаңа сатысына көтерілді. Мұнда негізінен кен байыту фабрикаларына қажетті диірмендерге қапталатын резеңке жабдықтар өндіріледі. Онсыз диірмен атаулысы жұмыс істемейді. Отқа тамыздық іспетті өнімге елдің түпкір-түпкірінен сұраныс жоғары. Әсіресе, Kazakhmys, KAZ Minerals, «Алтыналмас», Kazzinc сынды алпауыт компаниялар фабрикалары диірмендеріне бұл өнім түрі ауадай қажет. Сондықтан, «Полиметті» алпауыттардың алтын арқауы десек те, артық айтпағандық. Бірегей өнім қоңсылас Ресейге де экспортталады. Келесі жылы Болгарияға жөнелтіледі деп жоспарланды. Қырғызстан, Моңғолия мемлекеттерімен тиісті келіссөз жүргізілуде. Парықтай келгенде, басымдық – сапа мен тиімділік. Қуатты технологиялық база және жоғары білікті мамандар тобы зауыттың басты артықшылығы саналады. Бас директор Қуандық Қазанғаповтың айтуынша, өндірістің кеңеюі тек өнім көлемінің өсуімен ғана емес, сондай-ақ, жаңа технологиялардың енгізілуімен қатар жүреді. Сұраныстың сынынан сырт айналмақ жоқ. Бұл кәсіпорынның өңдеу үдерістерінде халықаралық стандарттарға сай келетін сапаны қамтамасыз етуіне мүмкіндік ұсынады.

Өндіріс үдерісіндегі бір сәт

Еңбек адамына ерекше жағдай

– Біз үшін өнімнің беріктігі мен ұзақмерзімділігі басты орында. Ойланбағанның сапамен ісі жоқ. Алдағы жоспарымыз циркуль іспеттес. Оның бір аяғы экспорттық нарықты кеңейту болса, екінші аяғы өнім түрлерін арттыруға кеп тіреледі. Мәселеміздің түйіні де дәп осы жерде. Түсініп алу керек. Резеңке металды өнім ендігі жылы шойын өнімдерін қоса шығармақ жоспарымыз бар. Осыған байланысты, арнайы экономикалық аумақтан қосымша 10 гектар жер алдық. Құрылысты осы желтоқсан айынан бастап кетпекшіміз, – деп ағынан жарылды «Polymet Solutions Corporation» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Қуандық Қазанғапов.

Қылса жұмысы бітіп, күнін ұзартқан заманауи өндіріс ошағында қазір зауытта 75 адам еңбек етеді. Жаңа цех іске қосылған соң тағы 150 адам жұмысқа қабылданады. Мұнда еңбек адамына әлеуметтік қолдау көрсетілген. Яғни, жалақыдан тыс сыйақы мен арнаулы тасымалдау көлігі мен тегін түскі ас қарастырылған. Былтыр жыл соңына таман өзін үздік көрсете білген қызметкерлерге Түркия, Араб әмірліктеріне саяхат жолдамасы тапсырылыпты. Биыл да осы сынды сый-құрмет жалғасын таппақ. «Кен байыту саласында жаңа диірмендер қолданысқа енгізілді. Осыған орай, қажетті резеңке жабдығын дер кезінде шығару маңызға ие», – дейді зауыттың өндіріс жөніндегі директоры Галина Харасова.

– Өнім көлемі әртүрлі. Біз қапталатын резеңке металды жабдықтың сан алуан түрін шығарамыз. Ол үшін зауытқа қажетті заманауи қондырғыларды да сатып алу үстіндеміз. Таяуда Қытайдан бұйымды нығыздайтын қондырғы әкелінді, – деді спикер. Өнім өндіру үшін шикізат негізінен Қытай Халық Республикасы, Корея, Малайзия, Вьетнам сынды мемлекеттерден алынады. Негізгі шикізат түрі – каучук. Яғни, каучуксіз шикі резеңке өндірілмейді. Химиялық шикізат көршілес Ресей Федерациясынан тасымалданады. Қосымша шикізат түрлері Еуропа елдерінен әкелінеді. Металл бұйымдарына келсек, негізінен, Hardox сынды сапалы металл түрі Швеция елінен тасымалданады. Зауыт қызметкерлері Стокгольм қаласына барып, ондағы өндіріс ошақтарымен тікелей танысып қайтқан. Ол елмен тығыз қарым-қатынас орнаған. Өзге керек-жарақ Қазақстанның өзінен сатып алынады. Ал, отандық шикізат көлемі 70%-ды құраған.

Көшбасшы кәсіпорын көсегесі

Биыл өндіріс ошағының тайқазаны толағай табысқа кенелді. Мәселен, KAZ Minerals компаниясымен үш жылдық шартты ендігі жылы 5 жылға ұзартпақ жоспар тұр алда. Бұдан әрі алпауыт компаниялармен Off-take contract жасасудың мәні зор. Off-take шарты – әлі өндірілмеген тауарды сату, не сатып алу туралы келісім. Өндіруші тауардың (шикізаттың) белгілі бір мөлшерін өндіруді жоспарлап, осы тауардың белгілі бір мөлшерін таңдауға келісетін офтейкер компаниялармен келісімдер жасайды. Офтейк келісімі сатып алушыға міндеттеме беруі мүмкін, бірақ, өндірушіні осы өнімді шығаруға міндеттемеуі мүмкін. Жалпы алғанда, тек белгілі бір жоба аясында өндірілуі керек өнімдерді сатып алумен ерекшеленеді. Түбінде сол жобаны қаржыландырудың өзін қамтамасыз етеді.

Экономикалық әсері және әлеуметтік жауапкершілікке келсек, зауыттың өндірісті әртараптандыру стратегиясы аймақ экономикасына оң ықпалын тигізуде. Жаңа жұмыс орындарының ашылуы, жоғары жалақы мен қызметкерлерге көрсетілетін әлеуметтік қолдау – бұл кәсіпорынның қоғам алдындағы жауапкершілігінің көрсеткіші. Галина Харасова атап өткендей, өндіріс барысындағы жаңашылдықтар мен жоспарлы жаңартулар саланың қарқынды дамуына серпін береді. Резеңке-металл бұйымдарының жаңа түрлерін шығару – алдағы жылға белгіленген басты міндеттердің бірі.

Кәсіпорын Сарыарқа арнайы экономикалық аумағында орналасқан. Жалпы ауданы 500 гектардан астам бұл өндірістік алқапта инвесторлар үшін логистикалық, салықтық және кедендік жеңілдіктер қарастырылған. Мұндай қолайлы бизнес климаты кез келген кәсіпорынның аз уақыт ішінде дамуына оң ықпал етеді. Сарыарқа арнайы экономикалық аймағының мүмкіндіктерін пайдалану арқылы «Polymet Solutions Corporation» өз өндірісін кеңейтіп қана қоймай, өңірдің экономикалық әлеуетін арттыруға да зор үлес қосуда. Аймақтағы өндіріс кәсіпорындары арасында серіктестіктің көшбасшы рөлі еленуде. Бұл зауыттың басты ерекшелігі – инновация мен тұрақты даму қағидаларын үйлесімді біріктіруі.

Зауыттың алдағы даму жоспарлары ауқымды. Қазіргі кезде шойын өнімдерін өндіру үшін жаңа технологиялық желілерді іске қосу бойынша жұмыстар басталып кетті. Сонымен қатар, Болгария мен Ресей нарықтарына шығу міндеті, халықаралық серіктестермен ынтымақтастық орнату – компанияның даму стратегиясының бір бөлігі. «Polymet Solutions Corporation» – заманауи технологиялық шешімдер мен аймақтық экономиканы қолдаудың жарқын үлгісі. Жоғары сапалы өнім, әлеуметтік жауапкершілік және инновацияға негізделген даму стратегиясы – бұл кәсіпорынның ұзақ мерзімді табысының кепілі. «Қазанда болса, шөмішке шығады». «Полимет» құтханасынан құр шықпадық. Телегей теңіз ошақтың қордалы да ордалы бір күндік тірлігі ес-тұтымға осыншалық бағалы мағлұмат сыйлады...

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Резеңке-металл бұйымдарын даярлау барысы

● БІЗДІҢ СҰХБАТ

Күреске толы өмірдің өнегесі

Самбодан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Испанияда 1985 жылы өткен әлем кубогының жеңімпазы, Еуропа чемпионатының күміс жүлдегері, КСРО халықтары спартакиадасының жеңімпазы, КСРО кубогының екі дүркін чемпионы, Қазақстанның 6 дүркін чемпионы Талғат Байшолақов – 60 жаста. Күшімен, рухымен Одақты, тіпті, тұтас құрлықты мойындатқан Арқа қазағының спорттық мансабы турасында айтып жатқымыз келмейді. Бұл балуан туралы спорттан хабары бар әр азамат біледі. Көктемде тебіндеген көктей балауса буынға үлгі болған, сөзімен емес, ісімен жалындаған жігерлі ермен өзінің мерейтойы қарсаңында сұхбаттасқан едік. Әңгіме барысында жасында талай мықтының жауырынын жерге жапсырып, қайраты мен қуаты қатар жалындаған жас Талғат пен бүгінгі алпыстың асқарына шыққан аға Талғаттың айырмасын білгіміз келді. Оның күреске толы өмірден көргені мен түйгені қызық болды бізге. Солай болды да, ғұмырдың да, доданың да бозкілемінде атой салған жүрегі түкті азамат білектің ғана емес, әр сыннан сабақ алған, жеңістің де, жеңілістің де бағасын білген парасат иесі екеніне көзіміз жеткендей.

– Талғат аға, кешегі жігіт шағыңыз бен бүгінгі шағыңыздың нендей айырмашылығы бар? Соңында ұрпақтар айтып жүретіндей із қалдырған атақты Талғат Байшолақов өз ойын қалай тұжырымдайды?..

– Жастайымыздан іргетасымыз берік қаланды. Бастысы – адамның іргетасы мықты болуы керек. Бастауың дұрыс болса, алдағы өміріңе оң әсер етері анық. Өмірдің өзі күрес емес пе? Буының бекігеннен, ақылесің кіргеннен өмірдің сынақтарын қабылдай бастайсың. Жас Талғатқа, әлбетте, қазіргі көзіммен сүйсіне қараймын. Жастық шағымда дұрыс адам болу үшін, жетістікке жету үшін, соңымда із қалдыру үшін қолымнан келгеннің бәрін жасадым, аянбадым. Өкініш жоқ сияқты. Бірақ, тәжірибенің аты тәжірибе екен. «Көре-көре көсем боласың» дейді ғой дана қазақ. Сол рас екен. Сынақтан өткен сайын ой түйесің, есейе бересің. Жеңістің де, жеңілістің де берер сабағы бар. Өмірдің өзі сабақ. Көп дүниеге сабырмен, салқынқандылықпен, бұрынғыдан гөрі басқаша қараймын.

Адамға ақыл мен парасат керек. Өмірді жеңіл деп те, қиын деп те айтуға болмайтын секілді. Әр адам өз жолын тапса, мақсаты мен арманын айқындаса және сол үшін аянбай еңбектенсе, талпынса, бәрі өз жөнімен болады дегенге кәміл сенемін.

– Бүгінгі күрес қалай жүріп жатыр?

– Бәрі жақсы сияқты. Бұл жастың да өз қызықтары бар. 60 жас деген не тәйірі?! Әлі талай шаруаны тындыруға болады. Ақылыңды, жүрегіңді таза, денеңді сергек ұстасаң, еңсеңді тіктесең, талай асуды бағындыра аласың. Адамның өзіне байланысты ғой бәрі. Мәселе жаста емес. Тек бұл кезеңде алдыңда жаңа мақсат-міндеттер болады.

– Осы күнде адамға ақыл айтушылар көбейіп кетті. Экранды бермейтін де солар. Әр ағылікті сөзімен емес, ісімен дәлелдеп жүретін Талғат Байшолақов бүгінгі жастарға не айтар екен?

– Менің жастық шағым мүлде басқа дәуірде өтті. Ол кезеңдегі орта да, қоғам да өзгеше еді. Ал қазір бәрі өзгерген. Бірақ адамға қашан да рухы мен ар-намысы серік болуы керек. Осы асыл қасиеттерден ажырауға мүлде рұқсат жоқ. Бұлар адамға жол көрсетер шырақпен тең, көз жазған адам, әлбетте, қараңғылыққа түседі. Ал қараңғылықтағы пенде маңдайын тасқа соғып, табанын тіліп алуы әбден ықтимал. Сосын қазіргі ұрпақ «патриотизм» деген сөздің мәнін түсіне алмай келе жатқандай. Жалған ұранға бейімбіз бе, қалай? Әсіре сілтеуден аулақпын, дегенмен, көп нәрсе ойландырады. Мен жастардың көзінен от көргім келеді. Не істесең де, аяғына дейін барған абзал. Не істесең де, махаббатпен істеген жөн. Күн сайын атқаратын шаруаңа шын пейілденсең, ісіңе береке кіреді. Сосын, жігіт адам өзіне жауапкершілік алудан қорықпауы керек. Ол азамат қой! Оның рухы маңайына қорған болып, жалыны жылу шашуы тиіс. Балаларыма да айтарым осы. Аяғына дейін бармайтыныңды сезіп тұрсаң, сол шаруаға деген құштарлығың болмаса, кіріспей-ақ қой деймін. Жұмысы шала адам жақсы атты емес. Мейлі қателессін, қателеспейтін пенде жоқ жер бетінде. Бірақ, соңына дейін бар.

– Жақсының жақсылығын айту – міндет. Спорттық мансабыңызды аяқтағаннан кейін бапкер болып, талай балуан тәрбиеледіліз. Тіпті, аты аңызға айналған балуан ағаңыз Қанат Байшолақов атындағы спорт кешенін ашып, өңір спортшыларына қамқор болып отырсыз. Бір сөзіңізде «Мен бір істі бастағанда табысты емес, соның берер шарапатын ойлаймын» дегеніңіз бар.

– Шама-шарқымыз келгенінше шаруа атқарып жатқан жайымыз бар. Бірақ, мал-дүние дегенді жүрекке салмақ еткен адам емеспін. Әр нәрсенің өз шекарасы бар. Ал ақшасының есебі жоқ бай болдым делік. Сол ақшаның барлығын не істеймін? Әр пендеге ғұмыр соңында бұйырары екі кез кебін ғана. Мәселе жиған байлығында емес, артында қандай із қалдырғанында. Осы күнде сыйласатын кәсіпкер достарым бар. Олар маған спорт кешені соншалықты табысты кәсіп емес екенін айтады. Рас, мұнда көлкөсір ақша жоқ. Менің көңілім мен жүрегімнің назары басқада. Спорт кешенінде жаттыққан қазақтың ұлдары мен қыздарына қарап, жаным рахаттанады. Жаттықсын, шыныққсын, ел абыройы үшін тер төксін. Міне, мәселе осында.

– Адам өміріндегі ең күрделісі – дұрыс таңдау жасау. Таңдауыңа қарай тағдырың. Сіздіңше, үлкен өмірге енді қадам басқан жас таңдауды қалай жасауы керек?

– Адамның кеудесіне Жаратушы жұп-жұмыр жүректі салып қойған. Жүрек – төрт тарабыңды көрсетіп тұратын компас секілді. Жүрекке назар салып, құлақ асу керек. Ал жүрек қателеспеуі үшін оны таза ұстау шарт. Жүректі арамдықпен, мал-дүниеге деген құштарлықпен толтыру – қателік. Бір сөзбен айтқанда, оны кірлетуге болмайды. «...Жүректің көзі ашылса, Хақтықтың түсер сәулесі. Іштегі кірді қашырса, Адамның хикмет кеудесі», – демей ме һәкім Абай?! Сөз басында айттық, өмірдің өзі күрес деп. Мұнда сынақтар көп. Жүрегіңе адал болсаң, сынақтарды оңай еңсересің. «Қазанаттың жолында

Жазық та бар, ор да бар,

Азаматтың жолында

Бақыт та бар, сор да бар» деген ғажап сөз бар. Аспаннан алып жаңалық ашып отырған жоқпын. Осының барлығын дана қазақ баяғыда-ақ айтып кеткен. Тек сол мол мұраны оқып, санаға, жүрекке тоқысаң, шіркін! Еңбек етсең, адал нан жесең, ешкімнің ала жібін аттамасаң, тағдырың да дұрысталмақ.

Тағы бір айтарым – талапты туған жігітке жөнді ақылшы, жол нұсқаушы керек. Маған жол көрсеткен, жігерлендірген – туып-өскен қарашаңырағым. Шаңырақтағы тәрбие маңызды рөл атқарады. Маған Қанат ағам (Қанат Байшолақов – самбодан әлем чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері - авт.) үлгі болды. Соңынан қалған жоқпын. Жаттығуға бар күш-жігерімді салдым. Ағамның мақтанышы болғым келді. Мен үшін ол алдымнан жол нұсқаған жарық жұлдыз болды.

– Жоғарыда қазіргі ұрпақ «патриотизм» ұғымының мәнін түсіне алмай келе жатқандай дедіңіз. Осы сөзіңізден кейін тағы бір сұрақ туындап тұр. «Батыр» деген сөздің де қадір-қасиетін түсінбей жүрген жоқпыз ба?

– Қазақ батырға кенде емес, әрине. Алаштың тағдыры үшін басын құрбан еткен небір алыптар, баһадүрлер өткен бұл жалғаннан. Солар болмаса, осы күнге жетер ме едік? Бірақ, кейінде көпшілікті тыңдап отырсаң, екінің бірі батыр. Анау ауылда бір батыр, мына ауылда он батыр дегендей. Сол батырлардың ерлігін айтып, «Біз – батырдың ұрпағымыз» деп кеудемізді соғамыз-ай кеп! Дабырлаймыз, отырған жерімізді дүрліктіреміз. Оның бәрі өтті, кетті. Ол заман қайтып келмейді. Уақыт бір орында аялдап тұрған жоқ. Өткеніңмен мақтана бергенше, келешегіңе керек батырларды тәрбиеле. Бапта, шыңда. Ертең солар ел жолында еңбек етер, ерлік қылар ерге айналсын. Спортқа баулы. Әлемдік аренаға шығып, қазақтың қандай екенін сөзімен емес, ісімен дәлелдесін. Мақсатына жету үшін маңдай терін төксін.

– Талғат аға, сан түрлі белдесулерге толы өткен күндерден түйген тәжірибеңізбен бөліскеніңіз үшін мың алғыс! Жасыңыз ұзақ, деніңіз сау болсын!

Сұхбаттасқан **Ерік НАРЫН**,
«Ortalyq Qazaqstan»

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

> **Жас Талғатқа, әлбетте, кейде сүйсіне қараймын. Жастық шағымда дұрыс адам болу үшін, жетістікке жету үшін, із қалдыру үшін қолымнан келгеннің бәрін жасадым, аянбадым. Өкініш жоқ сияқты.**

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

Солдан оңға қарай: Қанат Байшолақов, әйгілі бапкер Диқанбай Биткөзов және Талғат Байшолақов

> **Адамға ақыл мен парасат керек. Өмірді жеңіл деп те, қиын деп те айтуға болмайтын секілді. Әр адам өз жолын тапса, мақсаты мен арманын айқындаса және сол үшін аянбай еңбектенсе, талпынса, бәрі өз жөнімен болады дегенге кәміл сенемін.**

● БРИФИНГ

Білім бәсекесінде бәсіміз биік пе?

Қарағанды облысында мектепке дейінгі білім беру саласында 35 мыңнан астам баланы қамтитын 407 мектепке дейінгі ұйым бар. Жыл басынан бері балабақшаларда 1324 орын ашылды. Оған қоса 106 ауыл мектебінде жоғары жылдамдықты интернетке қосу бойынша жұмыс жүрді.

2025 жылдың басты жаңалығы балалары балабақшаға бармайтын ата-аналар үшін іске қосылатын «SabiDamu» виртуалды платформасы болмақ.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ұстаз-Өрлеу» – өңірдегі жаңашылдық

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте жылды қорытындылаған облыстық білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова, облыста алғаш жүзеге асатын «SabiDamu» виртуалды платформасы – 0-ден 6 жасқа дейінгі балалардың ата-аналарына арналған әдістемелік нұсқау болатынын атады. Бұл платформа балаларды тәрбиелеу мен оқытудың виртуалды көмекшісі болмақ. Мұнда ата-аналар кез келген маманнан кеңес ала алады. Өмірлік жағдайларда баланың дамуы мен әлеуметтенуін барынша арттырады.

Облыста сондай-ақ, «Ұстаз-Өрлеу» педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін үздіксіз арттыру ұлттық платформасы арқылы мұғалімдерді аттестациядан өткізу бойынша пилоттық жоба жүзеге асырылуда. Платформа бүгінде облыстың барлық білім беру ұйымдарында орнатылған.

Платформада 8 076 сертификатталған педагог тіркелген, олардың 4 971-і біліктілік санатын растауға өтініш берді. Аттестаттау комиссиялары 3425 мұғалімге қатысты шешім шығарды.

Апатты мектептер азая ма?

Басқарма басшысы атап өткендей, облыста барлығы 404 жалпы білім беретін мектепте 174 мыңнан астам бала білім алады.

Жаңа оқу жылында Қарағандыда 2 мектеп жұмысын бастады. Атап айтсақ, «Кең дала» шағын ауданында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2000 орындық және «Күнгей» шағын ауданында жергілікті бюджет есебінен 600 орындық мектеп салынды. Бұл мектептер оқушылардың орын тапшылығын айтарлықтай азайтып, жақын маңдағы мектептер жүгін жеңілдетті.

– Бұқар жырау ауданындағы Новостройка ауылындағы апатты жағдайдағы мектептің мәселесі оның орнына жергілікті бюджеттен жаңа мектеп салу арқылы шешімін тапты. Жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарлануда. Сонымен қатар, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Қарағанды қаласында 2 мектеп ашу жоспарлануда.

Қарағандыдағы апатты жағдайдағы №44 мектептің орнына жаңа мектеп салу үшін облыстың құрылыс басқармасы мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысымен жобалық-сметалық құжаттаманы әзірледі. Ал, Қарқаралы ауданы Талды ауылында 200 орындық мектеп құрылысы жалғасуда, – деді Гүлбақыт Серікжанқызы.

Алдағы уақытта апатты 5 мектептің мәселесі де шешілуге жақын. Қарағандыдағы №42 және №137, Ақтоғай ауданындағы Тасарал мектебі құрылысының жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеу жоспарда. Жобалық құжаттаманы әзірлеу үшін Шет ауданындағы Дария орта мектебі, Нұра ауданындағы Ш. Уәлиханов атындағы орта мектебіне инвестициялық ұсыныстар әзірленуде.

Биыл «Ауылдағы тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында «Қазақстан халқы» қоры өңірдегі 8 ауыл мектебін заманауи сынып бөлмелерімен және жиһаздармен жабдықтағанын айта кеткен жөн.

Жобалар жанданып келеді

Биыл өңірде орта білім беруде кітап оқуға қызығушылық пен оқу мәдениетін дамытуға бағытталған «Цифрлық мұғалім» республикалық жобасы мен «Кітап оқу – қуаныш» жобалары жүзеге асуда. Осы орайда облыстағы 70 мектеп республикалық «Мың мектеп» жобасына енді. Бұл жоба мектепішілік сараптау және білім үдерістерін бағалау арқылы сапаны арттыруға бағытталған.

Пәндерді оқытудың инновациялық әдістерін енгізу мақсатында Digital matematika – жасанды интеллект арқылы дербестендірілген математиканы оқытуға арналған цифрлық платформа жүзеге асуда. Өткен оқу жылында облыстағы 180 мектепте пилоттық режимде сынақтан өткен-тін. Оған 780 математика мұғалімі қатысты.

Ал, «BilimTest» – ҰБТ, PISA және MODO-ға дайындыққа арналған мобильді қосымша. Заманауи оқушылар мен студенттердің қажеттіліктерін ескере отырып жасалған. Қолданба әртүрлі тәжірибелік сынақтарға және пайдалы оқу материалдарына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Тесттерді тапсыру нәтижесінде студенттер жеке ұсыныстары бар талдау картасын алады. Жоба ағымдағы жылдың сәуір айында іске қосылды.

Сұранысқа ие мамандықтар бар

Бүгінде облыстағы 54 колледжде 32 766 студент оқиды. Кадрларды дайындау 126 мамандық және 178 біліктілік бойынша жүзеге асады. Студенттерді оқытуда мақсатты мемлекеттік тапсырыстар бойынша 31 кәсіпорынмен келісім-шарт жасалды. Дуальды оқыту 40 колледжде 300-ге жуық кәсіпорынның қатысуымен енгізілді.

Колледждерді дамытудың стратегиялық жоспарларын ескере отырып, 2025-2026 жылдары «Полимер өндірісінің технологиясы», «Жылжымайтын мүлікті басқару», «Газбен жабдықтау жүйелерін орнату және пайдалану», «Жаңа мамандықтарға лицензия алу жоспарлануда. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың инженерлік жүйелерін орнату және пайдалану», «Ет және ет өнімдерін өндіру» де бар.

Кадрларды сапалы дайындау мақсатында «Жас маман» жобасы бойынша жабдықталған білім, құрылыс, көлік, энергетика, IT және коммуникациялар, тау-кен өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы сияқты 8 жетекші бағыттағы колледждерді кластерлеу жұмыстары басталды. Бүгінде әрбір сала бойынша колледждердің облыстағы мектептермен, кәсіпорындармен өзара байланысы көрініс тапқан.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Аңқасы кепкен ауылдар азаяды

(Соңы. Басы 1-бетте).

Коллажды жасаған А.Коктаева

Тегеурінді тапсырма

«Жалпы, ондаған жыл бойы қомақты қаржы бөлінгеніне қарамастан, ауызсу мәселесі әлі шешімін тапқан жоқ. Сондықтан, өңірлерді дамытудың ұлттық жобасы аясында бес жыл ішінде халықты 100 пайыз таза ауызсумен қамтамасыз етуді тапсырамын. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған басты міндет», – деген еді ел Президенті 2021 жылы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында.

Мемлекет басшысының тегеурінді тапсырмасынан соң әрбір елдімекенді ауызсумен қамтамасыз ету бойынша кезеңдік жоспар әзірленді. Алыс жатқан ауылдардағы ауызсу мәселесі алғашқы болып қолға алынды. Міне, жыл сайын бұл мәселе оң шешімін тауып келе жатыр. Әсіресе, былтыр және биылғы жылы шалғай ауылдарға су тартылып, тұрғындар сапалы тіршілік көзін тұтынып отыр.

– Үкімет 2023-2029 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасын бекітіп, оған сәйкес су құбыры желілерін салуға, қайта жаңғыртуға қаржы бөлді. Бүгінде сумен жабдықтау қызметіне облыс халқының 95,7 пайызы, қала халқының 98,8 пайызы, ал ауыл тұрғындарының 93,6 пайызы қамтылды, – дейді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Арман Саттыбаев.

Ауызсусыз ауыл қалмайды

Аймақта 342 ауылдық елдімекен бар. Жалпы ондағы халық саны – 209 186. Қазіргі уақытта орталықтандырылған сумен 225 ауыл қамтылған. Биыл ауылдық елдімекендерді сапалы ауызсумен қамтамасыз ету үшін 31 жоба іске асырылып, 60 шақырым су құбыры желілерін салу мен реконструкциялау жұмысы жүріп жатыр.

– Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасы шеңберінде биыл ауылдарда 31 жобаны іске асыруға 5,4 млрд теңге бөлінді. Оның ішінде жаңа желілер құрылысы бойынша 14 жоба, қолданыстағы желілерді қайта жаңғырту бойынша 17 жоба жүзеге асырылып жатыр. Бөлінген қаражатқа 93,8 шақырым су құбыры желілерін салу және қайта жаңарту жоспарланған. Бүгінгі күні 90,8 км су құбыры желілері салынды және қайта жаңартылды. Сонымен қоса, 26 ауылдық елдімекенде суды тазартудың кешенді блок-модульдерін орнатып жатырмыз. Бұл жұмыстарға бюджеттен 700 млн теңге қарастырылған. Жыл соңына дейін су құбыры желілерінің құрылысын және кешенді блок-модульдерін орнатуды аяқтауды жоспарлап отырмыз. Бұл ауылдарда сумен жабдықтау қызметтеріне қолжетімділікті 95,6 пайызға дейін арттыруға мүмкіндік береді. 2025 жылы қалған 63 ауылды 100 пайыз ауызсумен қамтамасыз ету міндеті тұр. Ол үшін 6,3 млрд теңге қарастыруды жоспарлап отырмыз, – дейді Арман Саттыбаев.

Ірі жобаларда іркіліс жоқ

Биылға жоспарланған жобалардың ішіндегі «Жарлы-Қарқаралы» топтық су құбырының құрылысы ең ауқымдысы. Бұл нысан іске қосылған соң қаладағы су тапшылығы проблемасы толығымен шешіледі. Қазіргі уақытта қырық шақырымдық су құбырын тарту жұмыстары аяқталған. Енді қала ішіндегі желілер жаңартылып жатыр. Су құбыры алдағы жылы толығымен іске қосылады. Аудандағы Қарағайлы, Матақ, Теректі, Бүркітті, Томар елдімекендерінде де ауызсу құбырлары тартылып жатыр. Тоғыз ауылда блоктық-модульдік сорғы станциялары орнатылды.

Жақында ғана сапалы ауызсуға қол жеткізгендердің бірі – Бұқар жырау ауданы Астаховка ауылы. 300-ге жуық адам тұратын бұл елдімекеннің тұрғындары 30 жылдан бері ауызсуды ауыл сыртындағы бір шақырым жерде ағып жатқан бұлақтан тасып ішіп келген еді. Енді міне, «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасының шеңберінде ол бейнеттен құтылып, сапалы ауызсуға қол жеткізіп отыр.

– Өткен жылы су құбыры салынатынын айтқан кезде оған бәріміз күмәнмен қарағанымыз рас. Бірақ уәде етілгендей, оның құрылысы 2023 жылдың жазында қолға алынып, биыл күзде тәмамдалып отыр. Ауызсудың ауылға келгені ерекше қуаныш сыйлады. Енді алыстан арбамен су тасымаймыз, бейнеттен құтылдық, – дейді ауыл тұрғыны Арман Әлімов.

Бұқар жырау ауданында биыл тағы үш ауылда жаңа су құбырлары пайдалануға беріледі. Олар – Ақжар, Аюлы, Алабас ауылдары. Осы жобалар іске асырылғаннан кейін аудан тұрғындарының 99 пайызы орталықтандырылған сумен қамтамасыз етіледі. Келер жылы бұл көрсеткішті 100 пайызға жеткізетінін айтады аудан басшылығы.

Ақтоғай ауданы Қуаныш ауылындағылардың да қуанышында шек жоқ. Бұл елдімекен де көптен бері су тапшылығын сезініп келген. Қуаныш ауылының су желілерін тартып берген «LifeStoryInvest» ЖШС мердігері мәрттік танытқан. Келісімшарт бойынша су желісін тек үйдің ауласына дейін ғана жеткізу көрсетілген. Ал, жауапты мердігер үйге дейін тартып беріп отыр. Ауыл халқы, ауыл әкімшілігі компания қызметкері Сағат Дүйсекинге дән риза. Мердігер тіпті, ауылдың мешітіне, мектебіне, клубына суды ақысыз тартып берген.

Бақылау барынша күшейеді

Жақында ғана облыс әкімдігінде өткен аппараттық жиында халықтың 100 пайыз ауызсумен қамтамасыз етілуі келесі жылдың соңына дейін ерекше бақылауда болатынын атап өтті аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев.

– Алда азаматтардың, әсіресе ауылдық жерлерде өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін су құбыры желілерін салу және қайта құру бойынша үлкен жұмыс күтіп тұр. Мақсаты айқын, міндеттері анықталған, қаржыландыру мәселесі шешілуде. Бұл – бюджетті қалыптастыру кезінде ескерілуі тиіс басым міндет. Жұмысты дұрыс ұйымдастыру және жауапкершілігімізді есте сақтауымыз маңызды, – деді Ермағанбет Қабдулаұлы.

Байыпты бағдарламалар игілігі

Тоқсаныншы жылдары облыстағы ауылдың көбі орталықтандырылған ауызсусыз еді. Өткен ғасырдың 50-60 жылдары салынған су жүйесі әбден тозған көрінеді. Бұл күнде мұның бәрі «Ауызсу», «Ақ бұлақ», «Нұрлы жер», «Өңірлерді дамыту», «Ауыл – Ел бесігі» секілді бірқатар мемлекеттік бағдарламалар арқылы шешімін тапты. Мәселен, 1992 жылы облыстағы ауылдардың орталықтандырылған суы бары тек 32 пайыздың шамасында болыпты. Бүгінде ол үлес 100 пайызға жуықтады. Келер жылдың соңына дейін шалғай ауылдардың аузы тұщы суға 100 пайыз жетеді.



Инфографиканы жасаған **автор**

● ӨЗЕКТІ

«Бала тілі – бал», дегенмен...

Мемлекеттік жастар саясаты кәсіпкерлікті қолдауға ерекше мән береді. Осы орайда 2005 жылдан бастап, өңір жастарына облыс әкімінің гранты дәстүрлі түрде беріліп келеді. Оған ұсынылған жобалар өміршеңдігімен, әлеуметтік маңыздылығымен ерекше. Қарағандылық Гүлшат Әкімжанова 2023 жылы дамуында тежелу бар балалармен жұмыс істейтін инклюзивтік кабинет ашу жобасын қорғап, облыс әкімінің грантын жеңіп алған.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Жоба бірден жүзеге асты»

– Мемлекет тарапынан бөлінетін гранттар жастарға үлкен мүмкіндік береді. Жастар өздерін жаңа қырынан көрсетіп, ізденіп, дами алады. 2 миллион теңгеге қажетті құрал-жабдықты сатып алдым. Ізденіс пен жарнаманың арқасында аз уақытта «Бақыт мекені» атты кәсібімді дөңгелеттім. Қазір Майқұдықта орналасқан орталығымызда күніне 10-ға жуық бала қабылдаймыз. «Бақыт мекені» орталығына айына 30-40 бала келеді, – деп бастады әңгімесін Гүлшат Әкімжанова.

Гүлшат алғашқыда орталықтың жарнамасын Instagram парақшасы арқылы топтарға жіберген. Балаларға арнап, диагностиканы да тегін өткізген. Одан кейін 50 пайыз жеңілдік ұсынған. Балалар жиі келіп, іс нәтижесін берген. Логопед шама жеткенше баламен жұмыс жүйесін тоқтатпайтынын айтады. Баланы дамыту тоқтаса, жасаған барлық жұмысы кері кетеді.

– Бизнес жоба тілінде ақауы бар балаларға түзету жұмыстарын жүргізуге арналған. Жалпы баланың дамуына жан-жақты көмектесеміз. Осыған орай кабинетті заман талабына сай жабдықтау қажет болды. Қарағандыдағы жаңа жұмыс орындарын құру да ойдағы мақсаттың бірі. Облыс әкімінің 2 млн грантына заман талабына сай әртүрлі, балансир, баланспорт, тренажерлер, сондай-ақ, логопед мамандарға арналған логомассаж құралдарын алдым, – дейді Гүлшат Әкімжанова.

«Бала – ата-ана – дефектолог»

Логопед-дефектолог түзету-дамыту кабинетін ашу оңай емес екенін айтады. Себебі барлық жұмыс бизнес жобаны үйлестірушінің өзіне қарап тұр. Бір мезгілде менеджер, мобилограф, мұғалім. Оған қоса ата-аналармен тіл табысып, бала жинау да біраз уақытты қажет етеді.

Дефектолог сөзінен түйгеніміз, диагностикаға келгенде кейбір ата-аналар баласына толық көмек керек екенін түсінбейді. Баланың түпкі мәселесіне үңілмейді. Сөйлеуінің тежелуіне көптеген жағдай әсер етеді. Ана құрсағында жатқан уақытынан бастап, дамуы жүретіндіктен, «Бала – ата-ана – дефектолог» жұмысы бірігіп жүрмесе, нәтиже шығару қиын.

– Ата-аналардың көпшілігі баласының тілі дұрыс шығып, шықпағанына, даму ерекшеліктеріне жете мән бермейді. Баланың былдырлап сөйлегеніне мәз болып, соны қызық көретіндер де жетерлік. Олар мұны еркелік деп түсінеді. Кейбір ата-аналар 3-4 жастағы баланың тілі түсініксіз болса, «мүлде сөйлей алмайтын жағдайда емес қой, мектепке барғанша, әйтеуір сөйлер» деп бейжай қарайды. Мұндай түсінік дұрыс емес. 1 жастағы бала кем дегенде 10 сөз айтуға тиіс. 2 жаста сөздік қоры 300-ге жуықтайды. Ал, 3 жастағы сәби күрделі сөйлем құрауға қабілетті болады. Сондықтан кез келген ата-ана бала 1 жасқа толысымен, онымен көбірек сөйлесуі керек. Онда да баланың былдырына еріп, соның «тілімен» емес, түсінікті тілде сөйлеуге үйретуі тиіс, – дейді Гүлшат Әкімжанова.

Қоғамда түрлі дәрежедегі тіл кемістігі, дамуында ерекшелігі бар балалар саны күрт өсуде. Мемлекет тарапынан ашылған дамыту және түзету орталықтарындағы кезектің көптігі де бір жағынан балалар денсаулығының назардан тыс қалуына әкеліп отыр. Оған қоса қазіргі таңда курс оқып алып, Instagram парақшасы арқылы орталықтар ашып алатындардың көбейгені де ата-аналардың күдігін қалыңдатады.

– Көп аналар логопедтің білімі, тәжірибесіне қарамайды. Мысалы, менің 12 жылдық тәжірибем бар. Балабақшада жұмыс істегенмін. Қаншама авторлық оқулық, кітапшалардың авторымын. Бұл сала дайындықты қажет ететіндіктен, көп іздендім, – дейді логопед-дефектолог.

«Қазақ тіліндегі ойындардың көптігі жақсы»

Бүгінде түзету кабинетінде грант иесімен қатар 2 маман жұмыс істейді. Орталықтағы дефектолог-терапевттің айтуынша, қазіргі таңда сөйлеуінде бұзылысы бар балаларға арналған қазақ тіліндегі оқулықтар жетіспейді. Сондықтан, орталықта логопед-дефектологтар балаларға арналған қазақ тіліндегі қосымша оқу құралдарын дайындайды.

– Балаға арналған қазақ тілінде ойындардың көп болғанын қалаймыз. Ата-аналар көбіне балаларға дыбыс шығармайтын мультфильмдер қояды. Егер күніне кемінде 10-15 минут баласымен айналысса, түбінде бір нәтиже шығар еді. Бала уілдеу кезеңін сөйлеу аппаратының дыбысты айтуға белсенді дайындық кезеңі екенін ескеру керек. Бала алдымен интонацияны түсіне бастайды, содан кейін сөздерді, зат пен әрекет атауларын түсінеді. 6 айында бала сөздерге ұқсас дыбыстарды айтуға әрекеттенеді. Ал, 9-10 айында бала бірдей жұп буындардан құралған жеке сөздерді айтады (мама, папа). Бір жасқа толғанда, сөздік қоры 8-12 сөзге жетеді, – дейді Гүлшат Әкімжанова.

Мамандар сөзінен түйгеніміз, бала 2 жасқа толғанда, сөздер мен дыбыс үйлесімдері тілдік қатынас құралы болады. Бала тілінің дамуы еліктеу бойынша жүзеге асатындықтан, тілдің қалыптасуына ата-ана мен отбасындағы тілдік орта үлкен әсер етеді. 3 жастан соң бала айналадағыларға назар аударады. Алғашқы сөздерінде түрлі сезімдерді бір сөзбен атайды.

Жалпы, «Бақыт мекеніне» жиналған оқытушылар, ата-аналардың басым көпшілігі – жастар. Олар мемлекет тарапынан бөлінетін гранттардың, әсіресе жастарға үлкен мүмкіндік бергеніне қуанышты. Орталыққа келген ана мен баланың үлкен үмітпен, өмірге деген ерекше құштарлықпен қайтатынын көрдік.

Суреттер **автордан**

СУРЕТТЕ: «Бақыт мекені» орталығы басшысы **Гүлшат Әкімжанова**

● ӨНЕР ӨРІСІ

Жетпістің желкенін керген

Қаршыға дейтін қыран құс бар. Көзі – шегір, тұрпаты – шағын. Бірақ, алғырлығы – алапат. Оның қырағылығын қыр баласының көбі біледі. Саятшы томағасын тартқанда жай оғындай жарқылдаған осы жанар тоғайдан ұшқан құрды да, көлден серпілген қазды да іледі. Мұндай қасиет адамдар арасындағы таңдаулылардың бойында ғана болмақ. Мақаланың арқауы болған актер Болат Ыбыраев сондай жанның бірі һәм бірегейі. Ұлттық театр әлемінде Ақан серінің Көкжендетіндей қиядағы қиынды ілетін актерді естуіңіз бар ма? Білмесеңіз, құлақ салыңыз.

Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының негізін қалағандардың қатарындағы дарынды актер Болат аға биыл мерейлі 70 жасқа толыпты. Осыған орай, өткен аптаның соңында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері туған жері Қарқаралыдағы қалың жұртпен қауышты. Абыздың жасына абыроймен жеткен өнер иесі еліне құралақан келмеген екен. Қаллеки театрының қосынымен Астанадан елге жетіп, Қарқаралы қаласы мен Нұркен ауылының төріндегі сағынысқан жұртқа Алексей Дударевтің «Кеш» спектаклін ала келді.

Елдегі кеш

Астанадан келген бетте Болат Ыбыраев бастаған театр труппасы карт Қарқаралы тауларының баурайындағы қасиетті Қарқабат анамыздың ескерткішіне тәу етті. Мерейтойдың иесі мен меймандарды алқалаған жұрт мерекелей қарсы алды. Азырақ ат суытқан өнерпаздар Қалибектей заңғардың музейін көрмекке Ақжол ауылына аттанды. Шағын ғана ауылда бар қазақтың мәнді дайына біткен даралар мен дүлдүлдердің көптігіне таңырқаған сахна сәнлақтары мұражайдағы әр жәдігерден әлемдік биіктің бастауын көрді. Тамсана таңдай қақты. Өнер деген иенің киесінен арқаланған шығармашылық топ Арқаның ақ дастарханынан дәм татып, Қарқаралыны қайта бетке алды.

Театр ұжымы Шолпан Жандарбекова атындағы мәдениет үйіне жеткенде, оның көзге көріне бермейтін мамандары бірден сахна декорациясын жасауға кірісті. Олардың бірі актерлердің бетін әрлесе, қалғандары киімін даярлап, қойылым реквизиттерін орналастырды. Сөйтіп, сағат тілі 18:00 көрсеткенде сахна шымылдығы ашылып, адамдар тағдырынан сыр шерткен керім спектакль де басталды.

Белорус драматургі А.Дударевтің «Кеш» атты классикалық туындысын қазақ тіліне Фариза Оңғарсынова аударған екен. Режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Ұзақов. Қойылым актерлері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Болат Ыбыраев, Күлия Қожахметова, Мейрам Қайсанов. Белді дүниенің тарландар тағалаған көк бестісі белеске тартты. Сүрінген жоқ. Барлығы ғажап болды!

Шығарма жан атаулыны қинайтын жесір жалғыздық пен қимас мекенжайында, жұтаң жұртта қалған үш мұңлық қария туралы. Жайдары Васильдің, жабыққан Ганнаның, жалыққан Никитаның образдары шынайылық биігінің шыңына шыққан-ақ екен. Мұны қойылымға жиналған қалың жұрт тұнық өнердің рухани нәрі мен зәрін жұта тұнжырай томсарғанынан байқадым. Бірінің ойына Сарыарқаның шетінде қаңыраған ауылы оралса, екіншісінің есіне ескі жұртын күзеткен кемпір мен шал түсті. Арайлап атқан таң, рауандап батқан күн, жадыға қонған тылсым үн, сырлы әуен елді бір күлдіріп, бір жылатты. Шағын сахнадағы үш тарланның мінсіз ойыны ойдың тереңіне шомылдырып, ызғырығына тоңдырды.

Иә, қазақи болмысқа бейімделген спектакль көріністерінің әзілі ақмаңдайдан күннің күлкісіндей сәулелі шуақпен өпсе, мұңы ту сыртты тұма бұлақтың суындай мұздатты. Тағдырлары тәлкек, таласқа толы, тымырсық тұншықтырған жалған дүние. Талықси төгілген ананың зарлы жасы, бәрінен безінген бейбақтың зәрлі уыты, қарт жанарындағы зарыққан үміттің ұшқыны жұрттың жүрегін баурап, сана біткенге серпіліс берді.

Спектакль сезімдерді тербей аяқталды. Ел сахна сәнлақтарын ыстық шапалақпен ықыласқа бөледі. Қарқаралы жұртының атынан Нұркен ауылының әкімі Аян Бейсенбеков Болат Ыбыраевтың астына ат мінгізіп, иығына шапан жапты. Ағамыздың қосынындағы өнер майталмандары да сыбағасыз қайтпады. Қарқаралы қаласының әкімі Асылан Рақымбергенов аудан әкімі Әділжан Арғыновтың атынан сыйлық тапсырса, жол-жораны сақтаған театр директорының орынбасары Артур Ізтілеуов театр ұжымының атынан Қаллеки музейіне өнер майталмандары жайындағы естелік кітаптарын және естелік сыйлығын тарту етті.

Актер болмысы

Болат Ыбыраев ағамыз театр өнерінде өзіндік қолтаңбасы бар жан. Оның жарты ғасырға жуық ғұмыры бар актерлік шеберлігі қазақ театр өнерінің жылнамасына алтын әріппен жазылуда. Оны актер ойнаған төмендегі тізімнің тізбегі айқындап тұрғандай.

Жетпіс жас атты кеменің желкенін керген маэстроның рөлдері ұлттық болмыспен өріліп, көрерменнің көзайымына баяғыда-ақ айналды. Болат аға туралы өнердегі әріптестері біраз пікір айтып, сыр шертті.

– Жалпы, осылай сапарлап келуіміз тектен-тек емес. Біздің театрдың есімі берілген Қалибек Қуанышбаев сынды заңғар тұлға киелі Қарқаралы топырағының тумасы және оның негізін қалаушылардың бірі Болат Ыбыраев ағамыз да даңқты тұлғаның ізін жалғаған ірі актер. Қарқаралы ауданы әкімдігінің ұсынысы бойынша ағамыз кейінгі премьералардың бірі «Кеш» спектаклін өз туған жеріне ала келді. Туған жердің топырағындағы қойылымға ағамыз ішкі толқыныспен, үлкен жауапкершілікпен келді. Ағамыздың туған күні маусымда. Сол уақытта Қаллеки театры актерді құрметтеп, үлкен шара өткізген болатын. Ол кісінің еліне сәлем бере келуі оның үлкен азаматтық, актерлік бейнесін көрсетеді, – деді Қаллеки театры директорының орынбасары Артур Ізтілеуов.

Мен Қаллеки театрына келген 1998 жылдан бастап, 26 жыл бойы Болат ағамен бір сахнада қызмет жасап келемін. Ағамызбен бірнеше спектакльде партнер болдым. Мен келгенде театрдың негізін қалаған белгілі режиссер Жақып ағамыз о дүниелік болып кетсе де, Халық қаһарманы Әзірбайжан Мәмбетов ағамыз Әуезов театрында сахналанған классикалық шығармалар «Қыз Жібек», «Қаракөз», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қан мен тер» спектакльдерін қойып, біздің біліктілігімізді шыңдады. Сол спектакльдердің бел ортасында Болат ағамыз болды. Әзірбайжан Мәмбетовтей дара тұлға Болат Ыбыраевқа өте көп үміт артты. Әсіресе, Шыңғыс Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ түн», А.Чеховтың «Ваня ағай» романдарының желісі бойынша қойылған спектакльдердің басты рөлдеріндегі Едіге, Войницкий Болат ағамыздың актерлік қырын аша түсті. Бұл кейіпкерлерді ойнау екінің бірінің қолынан келмейді. Өйткені, бұл образдар – өте күрделі. Ауқымды, айтары мол, сомдалуы күрделі мұндай кейіпкерлердің келбетін жүректерге жеткізу әр актерге арман болатын. Болат аға бұлардың әрқайсын аса биік деңгейде көрсете білді. Бұл кісінің жарқын шығатын баритон дауысы да құлаққа жағымды, көңілге қонымды. Болат ағаның жай жүргенде бойы аласа болғанымен, сахнаға қадам басса, нар тұлғаға айналып шыға келеді. Ішкі рухының толып тұратынын жарқылдаған жанарынан байқайтынмын, – деп Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Мейрам Қайсанов мерейтой иесі жайында ой толғанысын білдірді.

Өмір сыры

Болат Ыбыраевтың өнерге құштар болмысы ауылдағы елге жас кезінен танылған екен. Оны кеше естіген мына оқиғадан байқадық. Ол бала күнінде бауырларымен бірге өзен бойында қой жаяды екен. Бір күні өрістегі ортаның қойын ауылға кіргізе беттеткенде, балалар торы атын жетектеп келе жатқан Жарлы ауылындағы Төлеген ақсақалды көреді. Сол сәтте бала Болат қасындағы серіктеріне бір қарап, екі қарыс құрықшасын алға сермей, «Атаңа нәлет Төлеген, Қыз Жібекте не ақың бар?» деп ұмтыла тап береді. Образға кіргені соншалық оның ақырған дауысынан Төлеген ақсақалдың асау аты тулай қашып, көк майсаға тойынған көп қойы жау шапқан қалың қосындай дүркірей үркіп, ауыл маңы азан-қазан болған екен. Содан, кешкісін Төлеген ақсақал Болат ағамыздың анасына барып шағымданыпты. Анасы баласына ақылын айтса да, қатты ұрыспапты. Бәлкім, көреген жан өз перзентінің бойындағы отты өшіргісі келмеген болар?! Бұл естелікті ағамыздың бауыры Саматтың аузынан естідік. Өнер жайлауында өрісі кеңіген Болат Ыбыраев кеш аяқталған соң келген сапарынан бірауыз түйін айтты.

– Мен Шолпан Жандарбекованың шәкіртімін. Сол кісінің салып кеткен сара жолын, дәстүрін жалғастыру біз үшін мақтаныш және міндет. Бүгін үлкен мереке. Ол менің мерейтойымнан әлдеқайда биік күн. Осыдан тура отыз үш жыл бұрын он бесінші қарашада Қаллеки театры тұңғыш рет Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты» пьесасымен шымылдығын ашты. Сол күні біздің театрға азаттықтың ақ таңы жақындағанын сезген Ақмоланың маңындағы ауылдардан көп жұрт келді. Ақсақалды қариялар мен ақжаулықты аналарымыз ұлттық киім киініп, аста-төк шашуын шашып, қазақтың жан дүниесінің толғанысын дүниеге паш еткендей болды. Ұлттық болмысты үздіге сағынған қазағымды мен сонда көрдім.

Қаллеки театры алғаш ашылғанда «Ақмола облыстық театры» болып құрылды. Кейін, Қалибек Қуанышбаевтың атын алған театр ұлттық мәртебесіне дейін биіктеді. Қарқаралы өңірінде көптеген халық театрлары бар. Қаланың басындағы Атығай Шанин атындағы халық театры да көп жерде елдің ыстық ықыласына бөленіп жүргенін естиміз. Бұл Қаллеки сынды дарындардың мекенінде өнер ошақтарының оты сөнбегенінің белгісі. Қай ауыл болсын, қазақтың күретамыры. Ол жерде мәдениеттің сақталуы бабаның ділі мен ананың тілін өшірмейтіні ақиқат. Қарқаралыдан шыққан өнер майталмандары елге соғып тұрса, олардан ұшқын алған жастар арасынан талай мықтының шығары анық.

Өнердің өз мектебі мен өзіндік жолы бар. Сахнаның сыртында көрерменге белгісіз қаншама қажырлы еңбек жасалады. Екі сағаттық қойылымды сахналау үшін көп тер төгіледі. Оған сенің самай терің, жан дүниең, денсаулығың кетеді. Сен осы уақыт аралығында еш қиындықты білдірмей халық үшін қалтқысыз қызмет етуің керек. «Бір қойылымды тамашалау – бір романды оқығанмен тең» дер едім мен. Актердің шабыты ізденіс пен зерттеуден келетіндіктен, оған тынбай жұмыс жасау керек.

Театр – бекзада өнер. Оны көру, сезіну, түйсіну талғампаздық пен тазалыққа құмарлардың еншісінде. Ал, тобырдың тамағы арзанқол комедиялық фильмдер екені де даусыз. Сондықтан, тіліміз – шұбар, көзіміз – дүниеқұмар, білетініміз – сыңар болғандығының да себебі осы шығар, мүмкін. Дегенмен, Болат Ыбыраев бастаған, жас толқын қостаған театр өнері барда Қаллекилер салған сара жолдың соқпаққа айналмасы анық. Айтпақтайын, Қарқаралы мен Астананың арасында алтын көпір сияқты тартылып, Шолпан Жандарбекованың жоғын жоқтаған, Болат Ыбыраевтың өнерін ұлықтап, елімен қауыштырған тарихшы Ерғазы Қадашұлы ағамыз. Ол кісінің иығына мерейтой иесі Болат актердің өзі шапанын жауып, ағасына алғысын білдірді.

Құрманғазы ӨТЕБАЙ

Суреттер **автордан**

СУРЕТТЕРДЕ: 1. **Болат Ыбыраев.** **2. Болат Ыбыраев** және Қаллеки театры директорының орынбасары **Артур Ізтілеуов.**

● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Қамқорлық – құндылық

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында – «Қамқор» жобасы арқылы оқушы бойына қамқорлық құндылығын дарыту мақсатында гимназияда қайырымдылық іс-шаралары жиі ұйымдастырылады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу – гимназия еріктілерінің басты мақсаты.

Білім беру ұйымдарында жүргізілетін тәрбие жұмыстары оқушылардың бойына белсенді азаматтық көзқарасты тұрақтандырып, өз елінің тағдырына жауапкершілікпен қарауға бағытталған. Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу мен тәрбиелеу – қазіргі кездегі білім беру ұйымдарының өзекті мәселелерінің бірі. Осыған дәлел – Мағжан Жұмабаев атындағы гимназиясындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жұмыс атқарып жатқан «Қамқор» жобасы.

«Біріге көтерген жүк ауыр болмас» демекші, ұрпақ тәрбиелеуде үштік одақтың ұйымдасуымен белсенді, шығармашыл оқушыларды біріктіріп, өзге адамдарға деген мейірімділік пен жанашырлық сезімін ояту және ерікті түрде қайырымдылық жасау мақсатында 20 қараша – Дүниежүзілік балалар құқығын қорғау күніне орай «Жанашыр жүрек» қайырымдылық іс-шарасы өткізілді. Қайырымдылық іс-шарасы гимназияның қамқоршылық кеңесі және ата-аналар мен оқушылар арасында үлкен қолдауға ие болды. Әлеуметтік қорғалмаған отбасы балаларына көмек көрсетуде жан-жақты ұйымдасқан көмектер келді. Аса қажет деп табылатын азықтүлік түрлері, киім-кешектер, кеңсе тауарларымен қорымыз толықты. Осы аталған қайырымдылықта жиналған тауарлар Қарағанды қаласының «Асыл ана» қоғамдық қорына табысталды. «Асыл ана» қорының атынан белсенді сыныптарға мақтау қағаздары мен Алғыс хаттары табысталды.

«Қамқор» жобасы аясында жыл бойы ұйымдастырылған игі істердің жүзеге асуына ықпал еткен, үлес қосқан гимназияның оқушыларына, ұстаздарына, ата-аналарына үлкен алғысымызды білдіреміз. Жақсылық жасау – адамгершіліктің белгісі! Жақсылық жасауға асығайық, ағайын!

Зейнегул ТУСУПБЕКОВА,
М.Жұмабаев атындағы
гимназияның
әлеуметтік педагогі

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР, АУКЦИОН !!! ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН!!!
АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ
кепіл мүлкін сату бойынша ағылшын әдісімен сауда-саттық өткізеді
проводит торги по продаже залогового имущества по английскому методу

Р/б № п/п	Объектінің атауы Наименование объекта	Орналасқан жері Местонахождение	Кепіл мүлкінің сипаттамасы Описание и характеристика залогового имущества	Бастапқы бағасы Стартовая стоимость	Кепілдік жарна 5% Гарантийный взнос 5%	Сауда-саттық өткізілетін күні Дата проведения торгов	Сауда-саттық өткізілетін уақыт/время проведения торгов
1.	Кафе ғимараты жер учаскесі	Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Четская көш., 12 үй, т.ж. 3,	Кафе ғимараты, жалпы ауданы 51,1 ш.м. жалпы ауданы 161,3 ш.м. кафе ғимаратының негізгі кеңейтімі, жер учаскесі 0,0289 га.	36 838 000,00 теңге	1 841 900,00 теңге	10 желтоқсан 2024 ж.	11 сағат/часов 00 мин.
	Здание кафе с земельным участком	г. Караганда, район им. Казыбек Би, ул. Четская, д.12, н.п. 3	Здание кафе общей площадью 51,1 кв.м. основная пристройка к зданию кафе общей площадью 161,3 кв.м. с земельным участком 0,0289 га			10 декабря 2024г.	

Кепілдік жарна – бастапқы құн сомасының 5%-ы /гарантийный взнос – 5% от стартовой стоимости в сумме – 36 838 000,00 тенге.

Жоғарылату қадамы – бастапқы құн сомасының 3%-ы /шаг повышения – 3% от стартовой стоимости в сумме – 1 841 900,00 тенге.

Аукционға қатысуға өтінім хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және Қарағанды қаласы, Әлиханов көш., 5 мекенжайы бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ-та сауда-саттық өткізілетін күннен бір күн бұрын тоқтатылады /заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу г. Караганда, ул. Алиханова 5 в АО «Банк ЦентрКредит».

Сатып алу бағасы сауда-саттық өткізілген күннен кейінгі бес жұмыс күні ішінде ҚР Ұлттық Банкінің ағымдағы бағамы бойынша теңгемен төленеді /покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка РК в течение пяти рабочих дней после проведения торгов.

Сауда-саттық өткізілетін жер/ место проведения торгов – Қарағанды қаласы, Н. Әбдіров даңғылы, 5, 412-каб./ г. Караганда, пр. Н.Абдирова 5, каб. 412.

Сенім білдірілген тұлға/ доверенное лицо – Мукашев Канат Амангельдыевич.

Аукцион туралы қосымша ақпаратты 8 (7212) 559-120 немесе 8 (705) 186-06-55 телефондары бойынша алуға болады /дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел. 8 (7212) 559-120 или 8 (705) 186-06-55.

№311

● ЖАҢА КІТАП

Ерен еңбек ұмытылмас

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің филология факультетінде факультет тарихы мен оның дамуына үлес қосқан оқытушылардың қызмет жолы мен ғылыми ізденістеріне арналған «Тереңге тартқан тамырын» атты библиографиялық жинақтың салтанатты түрде тұсаукесер рәсімі өтті. Оған барлық факультеттің декандары, ардагер ұстаздарымыз, әріптестеріміз бен білім алушылар қатысты. Аталмыш жинақ ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, заң ғылымдарының докторы, профессор Нұрлан Дулатбековтің идеясымен, менің редакциялығыммен, ұжымдық авторлардың құрастыруымен университет баспасынан жарық көрді.

Кітапқа факультетте ұзақ жылдар бойы қызмет істеп, еңбек сіңірген 114 адам енді. Университеттің құрылуының бастауында тұрған филология факультетінің тарихы 1938 жылдан басталады. 85 жылдан аса ұлттық және жалпы руханиятқа, білім мен ғылымды өркендетуге, жан-жақты мамандар дайындауда өлшеусіз еңбек етіп келе жатқан аталмыш ұжым ең әуелі тарих пен филология факультетінен бастау алды. Құстың қос қанатындай осы екі факультет бір-біріне өте жақын, біте қайнасады.

Халық даналығында «Бірінші сөз жаралған», «Сөз өнері – өнер атаулының басы» дейтін қанатты тіркестер бар. Сол сөздің тылсым құдіреті болуы керек, филология мен тарихтың университет тарихының бастау бұлағында тұрғандығы. Өткен ғасырдың ортасына таман ашылған оқу ордасының жүріп өткен өнегелі өткелінде, жалпы жұртшылыққа жақсылық жасаған жасампаз жолында, ізгілік тұнған іздерінде талай сыр жатқандығы айдан анық. Қашанда тарихты адамдар, оның ішінде тұлғалар жасайтыны бұрыннан айтылып келеді.

Осы тұрғыдан келгенде университет тарихының биік асуында, терең иірімінде біршама біртуар тұлғалардың бар екендігі және сол тұлғалардың біздің мақтанышымыз болатынын да баса айтқанымыз жөн. Осындай тау тұлғаларымыздың бірі – академик Ебіней Арыстанұлы Бөкетов 1972 жылы Қарағанды педагогикалық институтының құрамынан сол кездегі Республика бойынша екінші атанған Қарағанды мемлекеттік университетінің негізін қалады. Сол себепті университет – сонау 1938 жылы ашылған Мұғалімдер институтының заңды жалғасы, мақсатты мұрагері.

Алдыңғы буынның бай тарихын дамыта отырып, бүгінгі биік белесіне көтерілді. Осы жолда университет филология факультетін ерекше құрметтеп, қадір тұтады. Ол – тек қана бірінші болып ашылғандығында емес, ұлттық тіл мен әдебиеттің қайнар көзі, сөйлер сөзі, ортаға салар ойы, желбіреген туы болғандығында болса керек. Бүгінде осы филология факультетінің құрамында 5 кафедра еселі еңбек етуде. Факультет ұжымы осынау ғасырға таман ғажап ғұмырында қаншама белестерді бағындырды, асулардан асты. Мұның бәрі жай оқытушыдан академикке дейінгі ұстаздар қауымының қажырлы еңбегі, білімдар білігі, тәлім-тәрбиесі деуге болады.

Уақыттың өшпес өрнегіне айналған ұстаздар ұстаханасы әр жыл сайын толқын-толқын шәкірттерді түлетіп ұшыруда. Мектептен келген балауса үміткерлерді балапанша баптап, қанатын қатайтып, маман-қыран қылуда.

Осынау жемісті жылдардың, толқынды уақыттың бір белгісі болып қалсын деген ниет-тілекпен «Тереңге тартқан тамырын» атты библиографиялық жинақты шығарып отырмыз. Мақсатымыз – білім мен ғылым жолында барлық саналы ғұмырын арнаған аяулы да ардақты жандардың адамдық қадір-қасиеті, ерен еңбегі, ізденіс іздері, мамандықтың қыр-сырынан өскелең ұрпаққа ұлағат, үлгі-өнеге болсын дедік. Бұл жинаққа кірмей қалған, факультетіміздің өсіп-өркендеуіне зор үлес қосқан өмірде жоқ 39 тұлғамыз, ардагер ұстаздарымыз 2021 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, заң ғылымдарының докторы, профессор Нұрлан Дулатбековтің редакциясымен шыққан «Қалдырған ізі мәңгілік» – «Вечно имя доброе...» естеліктер кітабына (Қарағанды: акад.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің баспасы, 2021. – 540 б.) енді. «Тереңге тартқан тамырын» жинағы – осы еңбектің заңды жалғасы. Университет тарихына арналған мұндай еңбек алдағы уақытта да өз жалғасын таба бермек деген ойдамыз.

Елдос ТҮЙТЕ,
академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті филология факультетінің деканы

СУРЕТТЕ: солдан оңға қарай **Елдос Түйте, Шолпан Тоқсанбаева, Берік Рахымов, Нұрлан Дулатбеков, Мұхаметқали Әбдуов**

● ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

Әлем кубогының жеңімпазы атанды

Түркістанда басталған қазақ күресінен Қажымұқан Мұңайтпасұлы атындағы Әлем кубогында Қарқаралы ауданы Тегісшілдік ауылының тумасы Қайырғали Төлепберген чемпион атанды. Танымал бапкер Қанат Мұхтаровтың шәкірті 74 келі салмақ дәрежесінде белдескен болатын.

Болатбек ӘШІМҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дүниежүзілік додаға Қазақстан, Грузия, Польша, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Үндістан, Қытай, Әзербайжан және Монголия елдерінен жүзден аса спортшы қатысты. Жарыстың бірінші күні 55, 60, 66, 74, 82 келі дәрежесіндегі, ал екінші күні 90, 100 және 100 келіден жоғары ауыр салмақ дәрежесіндегі палуандар күш сынасты.

Әлем кубогында жеңіске жеткен балуандарға 500 мың теңгеден, екінші орынды еншілегендерге 300 мың теңгеден және үшінші орын иегерлеріне 200 мың теңгеден сыйақы берілді. Ал «Түйе палуан» бәсекесінде жеңіске жеткен абсолютті чемпионға темір тұлпардың кілті табысталды.

Айта кетейік, қазіргі уақытта әлемнің 40-тан аса елінде қазақ күресі федерациялары құрылып, секциялар ашылып, кешенді жұмыстар жүргізілуде. Ұлттық күресімізден жыл сайын әлем, Азия, Африка және Еуропа чемпионаттары өткізіліп тұрады.

Қарқаралы ауданы

СУРЕТТЕ: қарқаралылық палуан **Қайырғали Төлепберген** жеңіс тұғырында

Сурет Қарқаралы ауданы дене шынықтыру және спорт бөлімінен

● КИНО

Жаһан назарын аударған ҚарЛаг

Жаһан жұртына «Қағаз үй» сериалымен танылған Мигель Анхель Вивас ҚарЛаг туралы «La Tregua» атты фильм түсіріп жатыр. Бұл жұмыс Қазақстан мен әйгілі Netflix арасындағы келісімшарт аясында жүзеге асырылуда.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сурет ашық дерекқордан

Фильмде саяси қуғын-сүргін құрбандары лагеріндегі адамдардың тағдырын баяндайды. Азапты күндерді басынан өткерсе де, адамдық қасиетінен айрылмаған тұтқындардың жүрек үнін жеткізеді.

Жұлдызды режиссер актерлердің шеберлігіне ерекше назар аударуда. Мәселен, ҚарЛаг туралы фильмдегі басты рөлдерді бұрын «Қағаз үй» телехикаясында Рио рөлін сомдаған Мигель Эрран және «Элита» драмасында Андер Муньос болған Арон Пипер актерлер қатарына енген. Сонымен қатар, Дина Тасболатова, Алтынай Нөгербек, Сергей Уфимцев және Фараби Аққөзов секілді отандық актерлер де кадр ішінде.

1930-1950 жылдардағы ҚарЛаг атмосферасы костюмдермен, реквизиттермен және декорациялармен беріледі. Оларды жасау үшін суретшілер мұрағаттар мен мұражайларды ақтарған екен.

Бастапқыда фильмді Қазақстанда түсіру жоспарланыпты. Бірақ, кейін жоспарлар өзгерген. Түсірілім үшін Испанияның Бильбао қаласының маңында ҚарЛагтың миниатюралық үлгісі салыныпты.

– Біз барлық жағдайды қазақалпында жеткізу мүмкін емес екенін түсінеміз. Бірақ, біз барынша тырыстық. Біздің команда құжаттарды зерттеді. Қоюшы-суретшілер тобы орасан зор еңбек етті. Оңай болмады. Дегенмен, Бильбаода Қазақстанның бір бөлігін жасау үшін қолдан келгеннің бәрін істедік, – деді фильмді түсіруге жауапты Plano a Plano кинокомпаниясының директоры Цезарь Бенитес.

«Бітімгершілік» фильмі – қазақстандық актерлердің, продюсерлердің, үйлестірушілердің және басқа да мамандардың белсенді қатысуымен жүзеге асырылып отырған Netflix-тің алғашқы жобасы.

– Бұл жоба халықаралық ынтымақтастықты дамытудағы маңызды қадам. Біз оны жоғары стандарттар мен жаһандық әлеуетке баса назар аудара отырып дайындадық. Қазіргі жағдайға қарасақ, мұндай туындылар ауадай қажет екенін түсінесіз. Әлем жұртын бейбітшілікке шақырғымыз келеді. Адамзат баласы осындай трагедиялардың болғанын көріп, ойланады деген үміттеміз, – деп атап өтті фильмнің бас продюсері Аманат Қонақбаев.

Түсірілім екі жарым айға созылмақ. Авторлар дайын фильмді А санатындағы беделді фестивальдарда көрсетеді деп жоспарлап отыр.

● КАРАТЭ

Жапон жеріндегі жеңіс

Небәрі 17 жастағы Елнұр Дауылбай – Қазақстанның, Азияның, Еуропаның чемпионы. Енді Жапонияның Токио қаласында өткен әлем чемпионатында Қазақстан құрамасында бақ сынап, алтын медаль иеленді. Қазақстанның Көк Байрағын көкке көтерді, ел мақтанышына айналды.



Сурет ашық дерекқордан

Елнұр қазір «Astana English School» атты білім ордасында халықаралық дәрежедегі білім беру жүйесі бойынша оқып жүр. Мектепте барлық пәннен үздік атанған ол «Astana English School» жұлдызы, мектептің «Жұлдыздар аллеясының» бірінші қатарында тұр.

Мектептен білім алумен бірге спортты жанына серік еткен Елнұр 2014 жылы алғашқы сыныптан бастап, спортқа бет бұрған. Міне, биыл 2024 жылы, 10 жыл тапжылмай «Астана Центр Каратэ» орталығына барып, өзінің физикалық тұлғасын қалыптастыруға дағдыланды. Қиын да күрделі спорт түрімен шұғылдану оңай болмады. Каратэден танымал спорт шебері Гитин Фунакасидің: «Изучающий каратэ должен освободить себя от эгоизма и злобы, стремясь адекватно реагировать на все, с чем он может столкнуться» – деген қағидасын ұстанды.

Бүгінде Елнұрдың қоржынында 28 қола, 22 күміс, 31 алтын медал 26 кубок бар. Одан бөлек, каратэден ақ, қызғылтсары, көк жолақты қызғылтсары, сары, жасыл, қоңыр белбеулерді сатылап, он жыл бойы иеленіп үлгерді.

Ең жоғарғысы «Дан қара белбеуін» 2023 жылы алды. 2020 жылы спорт шеберлігіне үміткер, ал, 2024 жылы 16 жасында каратэден спорт шебері атанды.

2022 жылы Азия чемпионы, 2024 жылы ел чемпионы, 2024 жылы мамыр айында Еуропа чемпионы.

Елнұр 18 жасқа дейінгі спортшылар арасында 65 келі салмақ дәрежесінде Қазақстан командасы құрамына Еуропа чемпионы, Азия және Қазақстан чемпионы ретінде кірді. Алда оны бұдан да зор сәттілік пен жемісті күндер күтіп тұр.

Бикен АХМЕТОВА,
Қазақстанның Құрметті журналисі

● КОНЬКИ

Құрама қуаныш сыйлады

Астанада конькимен жүгіру спортынан Қазақстан чемпионаты өтті. Айтулы дода 17 команданың ішінен облыс құрамасы үшінші орынды иеленді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Қарағанды қысқы спорт мектебінің тәрбиеленушілері үшін мұндай нәтиже – жетістік» дейді жаттықтырушылар. Себебі, аймақтағы конькимен жүгірушілерде жаттығуға ыңғайлы база жоқ екенін атап өткен жөн.

– Бірақ, біздің жаттықтырушылар Нина Гернен мен Дмитрий Лазарев – өз ісінің нағыз кәсіпқойлары. Олардың тәрбиеленушілері қандай жағдай болмасын, осындай тамаша нәтижелер көрсетуде, – деді қысқы спорт түрлері мектебінің басшысы Гүлнар Әліқұлова.

Қарағандылықтар жалпы командалық есепте ғана емес, жеке есепте де медаль жеңіп алды. Александр Берг бірден үш қашықтықта Қазақстан чемпионы атанды. Сонымен қатар, тағы да күміс медаль жеңіп алды. Павел Манаков екінші орыннан көрінді. Ерасыл Бақтияұлы – қола жүлде иегері.

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – **Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**

Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Ж. ШАЛҚАР**

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 197

№ 134 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ**